



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА - 30 ЖЫЛ: ТӘУЕЛСІЗ ҚҰРЫЛЫМДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР МЕН ІРГЕЛІ ІСТЕР



Биыл Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл еліміздің сот жүйесінің қалыптасуы мен кемелдену жолындағы маңызды тарихи кезенді айқындайтын айтулы белес. Үш онжылдық ішінде одақ судьялар қауымдастығын біріктіріп, сот билігінің тәуелсіздігін нығайтуға және құқықтық мемлекетті дамытуға елеулі үлес қосты.

(Жалғасы 2-бетте)

ҰСЫНЫС

Заң терминдерін бірізге түсіру аса маңызды. Осы ретте заңнамада айтылып жүрген «келісімшарт» терминіне қатысты өз пікірімді білдіруді жөн көрдім. Өйткені ұлттық заңнаманың барлығында «келісім шарт» (қайдан алынғаны белгісіз?) сөзі қолданылып келеді.

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІН БІРІЗГЕ ТҮСІРУ МАҢЫЗДЫ

Егемендіктің алғашқы жылдарынан бастап заңдардың жобасы әуелі орыс тілінде дайындалып, содан кейін қазақ тіліне аударылып келді. Бұл жағдай заңнамада қазақ тілін бұрмалаудың салдарының бірі деп болжауға негіз береді. Қалай болғанда да заң жобасы қазақ тілінде дайындалуы керек, содан кейін қай тілге аударылады – бұл басқа мәселе.

«Келісім шарт» деп жазу қате, өйткені бұл екі сөздің әрқайсысының бөлек мағынасы бар. Шарт – ол келісімнің бір элементі. Мысалы, Азаматтық кодекстің 393-бабында тараптар барлық елеулі шарттар бойынша келісімге келген жағдайда, ондай келісім жасалды деп есептеледі деген норма бар. Азаматтық құқықтағы жалпы ереже бойынша тараптар келісімде оның елеулі шарттарына қол жеткізбеген болса, ондай келісімге Азаматтық кодекстің 157-бабының нормалары қолданылады. Осы сияқты мысалдарды азаматтық, неке-отбасы, кәсіпкерлік және т.б. заңнамалардан көптеп келтіруге болады. Мысалы, Азаматтық кодексте әртүрлі азаматтық-құқықтық келісім қарастырылған. Соның барлығында «келісім шарт» термині қолданылған. Тағы да бір мысал: неке келісім институты 1993 жылы 22 қазанда, № 2475-ХІІ «Неке және отбасы туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ КСР заңымен енгізілген. Сөйтіп, бұрынғы заңнама көзқарасы тұрғысынан қарағанда мүмкін болмаған және осы кезге дейін әлі толық қолданылмаған ерлі-зайыптылар мүлігінің келісім

режимінің ұғымы Қазақ КСР НжОК-інде 1993 жылдан бері пайда болды.

Неке-отбасы қатынастарында бұл институт қаншалықты таралғанын анықтау қиын. Сот тәжірибесінде неке келісімін жасасумен, оның орындалуымен байланысты даулар сирек кездеседі. Бұл орайда айтпағымыз: жоғарыдағы ереже тарих тұрғысынан алғанда ең жас институттың бірі. Соған қарамастан бұл салада да «неке келісімшарты» термині қолданылып келеді.

Келісімде оның орындалу мерзімі туралы, тауардың жарамдылығы, саны, сапасы, ассортименті және т.с.с. шарттары болады. Бұл – бір. Екіншіден, ана тілімізде шарттың ішіндегі шарт, я болмаса, шарттың құрамындағы елеулі немесе қарапайым шарттары деп айтады. Оның орнына «мәміленің шарты», «келісімнің шарты» деп айтып, осы аталған ұғымдарды қолданған жөн. Қысқасы, екі жақ келіссөз жүргізудің нәтижесінде келісімге келді деп айтамыз, шартқа келді деп айтылмайды. Сондықтан шарт – ол шарт, ал келісім – ол келісім: екеуі екі бөлек сөз.

Келешекте осы айтылғандарды заң шығарушы ескеріп, тиісті заңнамаларға толықтырулар мен өзгерістер енгізеді деп сенеміз. Сондықтан бүгінгі күн емес, ертеңімізді ойластырып, айтылған терминдерді келешек ұрпақ орнымен дұрыс қолдансын деген оймен «келісім» және «шарт» терминдерін жоғарыда айтқандарымды негізге ала отырып орны-орнымен қолданған дұрыс болар еді.

(Жалғасы 2-бетте)

ПАРЫЗ БЕН ҚАРЫЗ

ӘСКЕРИ БОРЫШЫҢДЫ ӨТЕУГЕ ДАЙЫНСЫҢ БА, САРБАЗ?

Қазақстанда көктемгі әскерге шақыру науқаны өтіп жатыр. 16 наурызда басталған бұл шара 30 маусымда аяқталады. Мемлекет басшысының Жарлығы бойынша бұл жолы 18-28 жас аралығындағы 21 мыңнан астам азамат әскер қатарын толықтырады. Олардың 11 мыңға жуығы Қазақстан қарулы күштеріне, 7 мыңға жуығы ІІМ Ұлттық ұланына, 2 мыңдайы ҰҚК шекара қызметіне, 400-дейі Төтенше жағдай министрлігіне, 300-дейі ҚР Мемлекеттік күзет қызметіне қабылданады. Қазірдің өзінде әскерге шақырылушылардың алғашқы легі Шекара қызметі бөлімшелеріне жөнелтілді.

«Мерзімді әскери қызметтен өткен азаматтар әскери-оқытылған резервтің негізін қалайды. Бұл резерв ұлттық қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда елімізді қорғауға шұғыл тартылады. Сол себепті азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру мемлекеттің басты міндетінің бірі болып қала береді», – дейді Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қарулы күштер Бас штабының бастығы, генерал-лейтенант Қаныш Әубәкіров.

Быттыр көктемгі әскери шақыру науқаны 1 наурызда басталып, маусым айының соңына дейін жалғасқан болатын. Ол кезде 20 мыңнан астам азамат шақырылған еді. Ал күзгі науқанда 21 968 азамат шақырылып, мерзімді әскери қызметке тартылғандардың жалпы саны 42098 адамды құраған.


«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заң бойынша сарбаздар тамақпен, заттай мүлікпен (киім-кешек, жабдықтар), жеке гигиена құралдарымен; медициналық қызметпен; ай сайынғы қаржылық үлеспен; хат-хабар жіберуге арналған өтемақымен қамтамасыз етіледі. Оларға заң жүзінде бекітілген мынадай жеңілдіктер бар. Бірінші, мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге қызмет мерзімі кезінде және ол аяқталғаннан кейін 60 күнге дейін банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша кредиттік демалыстар беріледі. Екінші, Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тегін грантпен оқу мүмкін-

дігі немесе ҰБТ тапсырмай ақылы негізде оқу мүмкіндігі ұсынылады. Үшінші, әскери-есептік мамандықтар бойынша дайындықтан өткеннен кейін оқу орталықтарында мемлекеттік үлгідегі куәліктер беріледі. Бұл арқылы Қазақстанның нақты экономика саласында сұранысқа ие жұмысшы мамандықтарын игеруге болады.

Мерзімді әскери қызмет – әрбір азамат үшін азаматтық борыш. Бұл тек әскерде ғана қалыптасатын бірқатар ерекше артықшылық береді. Атап айтқанда, әскерде қалыптасатын достық – азаматтық өмірде де құнды ресурс. Бұл жай ғана достық емес, ұзақ жылға сақталатын шынайы көмек пен қолдау. Әскери тәртіп тұлғаның дамуына әсер етеді, азаматтық өмірге бейімделуіне көмектеседі, әрі өзіне сенімді болуға мүмкіндік береді. Тұрақты спортпен шұғылдану тек денсаулықты нығайтып қоймай, азаматтық өмірде салауатты өмір салтын сақтауға көмектесетін маңызды дағдыларды қалыптастырады. Бейімделу және күйзеліске төзімділік қасиеті тек жеке өмірде ғана емес, кәсіби қызметте де пайдалы. Сондай-ақ, азаматтық өмірге бейімделудің және кез келген өмірлік қиындықты жеңудің негізі. Бұдан бөлек ол Қарулы күштермен 3 жыл, 5 жыл, 10 жыл немесе әскери қызметте болу шегіне дейін келісімшарт жасау мүмкіндігін береді.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

3-БЕТ



Жалған имамдарға
тыйым жоқ па?

5-БЕТ



Алтыншаш АЗМАГАМБЕТОВА, қаржыгер:
«Табысыңды басқаруды
үйрену – қаржылық
тұрақтылыққа жетудің ең
алғашқы қадамы»

8-БЕТ



Жұтылмаған жүзік
немесе Ханс ашқан қылмыс

БІЛІМ

«Бар ізгілік тек білімнен алынар, білімнен аспанға жол салынар» деген екен заманының заңғар перзенті Жүсіп Баласағұн. Бүкіл әлемнің таңдауы – білім. Қазір қай ел болсын жерінің көлемімен, табиғаттың қазба байлығымен мақтанатын кезден өтті.

ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҚАШАНДА АЛДА



Өркениетті елдер озық идеяларды қаншалықты игеріп, ғылымның құпиясын меңгеруімен жұртшылықты таңқалдырып жүр. Қазақстан да жаһандық үрдістен сырт қалмауы керек. Біздің еліміздегі білім ордаларының бәрі бүгінде осы бағытта жұмыс жүргізіп, жаңаша ойлайтын, заманауи өзгеріске құштар жастардың шоғырын қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп келеді. Соның ішінде жоғары оқу орындарының көшін әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің бастап тұрғаны ешкімге жасырын емес. Университет әлемдегі айтулы білім ордаларының қатарына кіріп, шетелдік студенттердің қызығушылығын тудырып отыр.

Жақында ҚазҰУ-ға ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы келіп, жетекші университеттің тыныс-тіршілігімен, ғылыми әлеуетімен тереңірек танысты. Білім саласына қомақты қаржы бөліп, жастардың ғылыми ізденісін жан-жақты қолдап келе жатқан Президенттің ҚазҰУ-ға арнайы атбасын бұруы оқытушылар мен студенттерге айрықша әсер етті. Бұл жүздесу университетте атқарылып жатқан жұмыстарды көрсетіп қана қоймай, Мемлекет басшының пікірі мен ұсыныстарын тыңдап, тапсырмаларына зейін қоюға мүмкіндік берді. Шын мәнінде ҚазҰУ-да атқарылып жатқан жұмыстар ауқымды, нәтижелер де жоғары.

Осы іссапар барысында ҚазҰУ ректоры – басқарма төрағасы Жансейіт Түймебаев ҚР Президентіне Инновациялық өнімдер орталығының және Farabi Hub-тың жоғары технологиялық жобасын көрсетті. Хаб экономиканың нақты секторына инновациялық әзірлемелер енгізуді көздейтін заманауи платформа. Оның базасында креативті индустрия, жасанды интеллект пен стартап жобалары іске асырылады. Осы арқылы 300 жаңа жұмыс орны ашылып, 20 миллион доллардан астам инвестиция тартылды. Орталықта ZTE, BASF, Binlin технологиялық корпорацияларының, сондай-ақ басқа да шетелдік жетекші ғылыми ұйымдардың зерттеу алаңдары орналасқан. Бұдан бөлек, мұнда ҚазҰУ-дің ғылыми-зерттеу институттары жұмыс істейді.

Сондай-ақ Президентке Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетімен бірлесе әзірленген микроспутник макеті таныстырылды. Жоғары оқу орындарының ғалымдары жасап жатқан NKSAT спутнигі туралы да кең мағлұмат берілді. Бұл жобаның маңызы ерекше. Себебі ол Жердің тартылыс аумағы мен радиация деңгейін өлшеуге, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге арналған.

Мемлекет басшысы «Цифрлық технологиялар мен роботтық техника» халықаралық институтын және Роботтық техника орталығын, сондай-ақ Қазақстан-Сингапур кванттық технологиялар орталығын аралап көрді.

Сөз зергері Мұхтар Әуезов «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» деген екен. Сол айтпақшы, Қазақстанды да әлемнің айтулы мемлекеттерімен терезесін тең етуге ықпалын тигізетін тетіктің ең тиімдісі – білім мен ғылым. Сондықтан ҚазҰУ әлемдік алаңдарда білімімен бәсекеге батыл түсе алатын түлектер дайындауға барын салып отыр. Мұндай іргелі жұмыстар, білімді шәкірттер қатарын көбейтуге бағытталған бағдарламалар алдағы уақытта оң нәтиже береріне сенім мол.

Л.НУСИПОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

ҰСЫНЫС

ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІН БІРІЗГЕ ТҮСІРУ МАҢЫЗДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Келесі талқылауға жататын термин, ол – «принцип». Принцип – латын сөзі екені етенеде белгілі, бірақ заңнамада да, кейбір авторлардың мақаласында да осы күнге дейін ауық-ауық қолданылып келеді. Осыған орай ұсынысымыз: «принцип» терминін «қағида» сөзіне заңдық деңгейде өзгерту керек.

Тағы да бір қарастыруға жататын, әлі қолданылып келе жатқан «кредит» термині. Бұл да латын сөзі. Ежелден келе жатқан ана тілімізде «несие» деген сөз бар емес пе? Олай болса, «кредиттің» орнына үзілді-кесілді «несие» терминін қолдануға қандай кедергі бар?

Азаматтық кодекстің 478-бабында қазақша мәтіні «Келісім-шарт жасасу шарты» деп көрсетілген, ал орыс тіліндегі мәтінінде «договор контрактации» деп аталған. Бұл келісімнің түрінің мағынасы сайып келгенде ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу (сату) болып табылады. «Келісім-шарт жасасу шарты» аудармасын талдайтын болсақ, біріншіден, шарттың ішіндегі шарт болып тұр, екіншіден, келісім-шарт жасасу десек, азаматтық құқықтағы келісімдердің басқа түрлерінде, мысалы мердігерлік келісімін «келісім-шарт» жасау деп атауымыз керек пе деген орынды сұрақ туады. Сондықтан жоғарыда көрсетілген баптың атауын «Ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу келісімі» деп заңнамаға өзгерту енгізу қажет.

«Проблема» термині ежелгі грек тілінен енгені белгілі. Бұл сөзді де қазақландыру керек. Оның орнына өзіміздің «мәселе» дейтін сөзімізді қолдануымыз орынды болып табылады.

Қазақ тілін шұбарлау мәселесінен арылу үшін алғашқы кезеңде аталған терминдерді ұлттық заңнамамызға енгізу аядай қажет. Одан кейінгі саты – қоғамның барлық салаларында қазақ тілінің тазалығына заңдық жол ашу. Ана тіліміз таза болуы үшін айтылған ұсыныстар жерде қалып қоймауы керек деп санаймыз.

Бауыржан ЖАНДАРБЕК,
Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті, заң ғылымдарының докторы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СУДЬЯЛАР ОДАҒЫНА - 30 ЖЫЛ: ТӘУЕЛСІЗ ҚҰРЫЛЫМДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР МЕН ІРГЕЛІ ІСТЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Судьялар одағының құрылуы – тәуелсіз еліміздің сот жүйесін жаңғырту жолындағы аса маңызды тарихи қадамның бірі болды. Егемендік алған алғашқы жылдары құқықтық мемлекет қалыптастыру, сот билігінің шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету, судьялардың әлеуметтік және кәсіби мәртебесін нығайту күн тәртібіндегі өзекті мәселеге айналды. Осындай тарихи қажеттіліктен туындаған бастама нәтижесінде судьялардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау, кәсіби этиканы орнықтыру, тәжірибе алмасу және біртұтас корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мақсатында республикалық қоғамдық бірлестік – Судьялар одағы құрылды.

Судьялар одағы – сот билігінің тәуелсіздігін қорғайтын, судьялардың кәсіби беделін арттыруға бағытталған беделді ұйым. Одақтың басты мұраты – бүгінгі билердің тәуелсіздігі мен мәртебесін нығайту, соттардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруге ықпал ету, сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, Судьялық әдеп кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және қоғамдағы судьяның оң имиджін көтеру.

дық-этикалық нормаларын сақтау, әлеуметтік қорғалуы және сот жүйесін дамытуға қатысты өзге де маңызды мәселелерді талқылайды. Әрбір съезд еліміздің сот жүйесінің даму тарихында өзіндік орны бар кезең ретінде ерекшеленеді.

I съезд – тарихи бастау

1996 жылғы 19 желтоқсанда Алматы қаласында ел судьяларының алғашқы съезі өтті. Бұл – отандық сот жүйесінің дамуындағы айрықша тарихи белес. Қазақ халқының құқықтық мәдениеті билер соты мен «Жеті Жарғыдан» бастау алатыны белгілі. Ұлы далада қалыптасқан әділ сот дәстүрі – бүгінгі тәуелсіз сот төрелігінің рухани негізі. Алғашқы съезд барысында «Қазақстан Республикасы Судьялар одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. Съезд Судьялар одағы орталық кеңесінің төрағасын сайлады. Бұл қызметке 1996–1999 жылдары аралығында сол кездегі ҚР Жоғарғы Сот төрағасы Максұт Нәрікбаев сайланып, ұйымның қалыптасу кезеңінде ауқымды жұмыстар атқарды.

Съезд аясында Судьялар одағы

ерекше назар аударылды. Съезде сөйлеген сөзінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев одақтың құрылуына оң бағасын берді. Ол судьялар қауымдастығы жалпыұлттық мәселелерді талқылап, Парламентке құқықтық реформаларға қатысты ұсыныстар енгізе алатынын айтты. Мемлекет басшысы азаматтардың сотқа деген сенімі – құқықтық мемлекеттің тірегі екенін ерекше атап көрсетті. Егер азамат сотты тек жазалаушы орган ретінде емес, өз құқығын қорғайтын әділ институт ретінде қабылдаса, онда мемлекетке деген сенім нығаяды. Әрбір азамат бұзылған құқығының қалпына келетініне сенімді болуы тиіс деді.

I съезд қорытындысы бойынша Судьялар одағының және тұтастай сот жүйесінің алдында бірқатар стратегиялық мақсаттар мен нақты міндеттер айқындалды. Атап айтқанда:

Біріншіден, сот билігінің шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету басты басымдық ретінде белгіленді. Судьяларға қандай да бір ықпал етуге жол бермеу, олардың шешім қабылдауда тек Конституция мен заңға ғана бағынуын нақты тетіктер арқылы бекіту қажеттігі атап өтілді.

Екіншіден, құқықтық реформаларды тереңдету міндеті қойылды. Сот ісін жүргізуді жетілдіру, заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіру, сот тәжірибесін біріздендіру арқылы әділ сот төрелігін қамтамасыз ету көзделді.

Үшіншіден, судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру жүйесін қалыптастыру қажеттілігі белгіленді. Тұрақты оқыту, халықаралық тәжірибе алмасу, ғылыми-практикалық конференциялар өткізу арқылы судьялардың құқықтық мәдениеті мен кәсіби деңгейін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті тұрды.

Төртіншіден, судьялардың әлеуметтік қорғалуын күшейту және мәртебесін нығайту мәселесі көтерілді. Судьяның қоғамдағы беделін арттыру, олардың қызметіне кепілдік беретін құқықтық және әлеуметтік тетіктерді



Одақ судьялардың кәсіби дамуына ерекше мән береді. Осы бағытта ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен түрлі іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Қайырымдылық шаралары, мәдени және спорттық жарыстар, жас судьялардың біліктілігін арттыру дәрістері, аға буын мен кейінгі толқын арасындағы сабақтастықты нығайтуға арналған жұмыстар – барлығы да Судьялар одағының үйлестіруімен жүзеге асырылады.

Одақ қызметтегі судьялардың ғана емес, сот саласының ардагерлерінің де мүддесін назардан тыс қалдырмайды. Зейнеткерлікке шыққан судьялар ұйымдары одақ жарғысына сәйкес жұмыс жүргізіп, тәлімгерлік мектебін қалыптастыруға атсалысуда. Ардагер судьялардың өмірлік тәжірибесі мен тағылымы жас буын үшін баға жетпес құндылық болып табылады.

Судьялар одағы қызметін ел Конституциясы мен өз жарғысына сәйкес жүзеге асырады. Оның қызметі еріктілік, тең құқықтылық, демократия, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялылық қағидаттарына негізделген. Одақ құрылған соттан бастап халықаралық, республикалық және өңірлік деңгейде көптеген оқу семинарлары мен конференциялар ұйымдастырылды. Белсенді әрі кәсіби қызметімен ерекшеленген судьялар көтермеленіп, көп жылдар бойы «Жылдың үздік судьясы», «Жылдың үздік сот ұжымы» республикалық байқауы, 2003 жылдан бері спорттың 9 түрінен судьялар арасында спартакиада ойындары үздіксіз өткізілуде. Сонымен қатар судьялар одақтың «Үш би» құрмет белгісімен, Құрмет грамотасымен және «Қазақстан Республикасының Судьялар одағының құрметті мүшесі» атағымен марапатталады.

Одақтың ең жоғары органы – судьялар съезі. Съезд сот төрелігін жүзеге асыру мәселелерін, сот шешімдерін орындау тетігін, судьялардың мораль-

Судьялар одағы - сот билігінің тәуелсіздігін қорғайтын, судьялардың кәсіби беделін арттыруға бағытталған беделді ұйым. Одақтың басты мұраты - бүгінгі билердің тәуелсіздігі мен мәртебесін нығайту, соттардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруге ықпал ету, сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау, Судьялық әдеп кодексі талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және қоғамдағы судьяның оң имиджін көтеру.

бөлімшелері туралы жарғы мен ережелер жобалары бекітіліп, судья әдеби мәселелері пысықталды. 1997 жылдың алғашқы тоқсаны ұйымның институционалдық тұрғыда қалыптасу кезеңі болды. Сол жылы одақ заңды түрде тіркеліп, куәлік алды. Өңірлерде Судьялар одағының бөлімшелері ашыла бастады.

Одақтың алғашқы стратегиялық бағыттарының бірі – судьялардың шынайы тәуелсіздігін қамтамасыз ету болды. Осы мақсатта судьялар этикасы кодексі қабылдау маңызды қадам ретінде қарастырылды. 1997 жылғы 23 желтоқсанда одақтың бастамасымен Орталық Азия мемлекеттерінде соттардың халықаралық қауымдастығын құру туралы декларацияға қол қойылды. Сонымен қатар Орталық кеңес қазақстандық судьялардың Пәкістан мен Египетке, кейіннен АҚШ пен Нидерландқа (ЮСАИД-пен бірлесіп) барып, тәжірибе алмасуын ұйымдастырды. Бұл қадамдар қазақстандық сот жүйесінің халықаралық құқықтық кеңістікке кірігуіне жол ашты.

I съезд қорытындысында тәуелсіз сот төрелігінсіз заңға деген құрметті орнықтыру және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мүмкін еместігі атап өтілді. Судьялардың құқықтық реформаларды жүзеге асырудағы қоғамдық белсенділігіне

жетілдіру негізгі бағыттардың бірі ретінде айқындалды.

Бесіншіден, судья әдебі мен корпоративтік мәдениетті қалыптастыру міндеті қойылды. Судьялардың жоғары моральдық-этикалық стандарттарды ұстануы, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі және кәсіби мінез-құлық қағидаларын сақтауына ерекше мән берілді.

Алтыншыдан, халықтың сотқа деген сенімін арттыру – басты стратегиялық мақсат ретінде белгіленді. Азаматтардың құқығы мен бостандығын тиімді қорғау, сот төрелігінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету арқылы қоғамда заң үстемдігін орнықтыру міндеті тұрды.

I съезд тек ұйымдық құрылымды бекітіп қана қоймай, тәуелсіз Қазақстанның сот жүйесін дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді мақсаттар мен кешенді міндеттерді алға қойды. Осылайша, Судьялар одағының құрылуы тәуелсіз Қазақстандағы сот реформаларының жүйелі түрде жүзеге асуына, судьялардың кәсіби бірлігін нығайтуға және қоғамдағы сот билігінің беделін арттыруға берік негіз қалады.

Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

МӘСЕЛЕ

ЖАЛҒАН ИМАМДАРҒА ТҮЙІМ ЖОҚ ПА?

Қазақстан қоғамы жаңа әрі аса қауіпті құбылыспен бетпе-бет келді. Ол – дін атын жамылған, бірақ мазмұны күмәнді, мақсаты бұлыңғыр «псевдодіндарлардың» әлеуметтік желілер арқылы халық санасына ықпал етуі. Бұл құбылыс енді жеке пікір немесе шеткі көзқарас деңгейінен асып, ұлттық бірегейлікке, қоғамдық тұрақтылыққа және ақпараттық қауіпсіздікке нақты қатер төндіріп отыр.



Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Ермұрат Бапи Бас прокурорға жолдаған сауалында бұл мәселені ашық көтеріп, қоғам назарын өткір проблемаға аударды.

«Турасын қаймықпай айтқанда, дүмше догманы тықпалаған бұл қарабайыр діндарлар біздің ұлттық ұстанымды ірітіп, мемлекетіміз бен қоғамның тағанын теңселтуде» деп сөз бастаған Бапи мырза соңғы аптада ютуб арнасында жарияланған подкастардың бірінде ресми діни құрылымға қатысы жоқ әлдебір «имам-сымақтың» үш әйелі барын сөз етіп, соңғысын өзінің шәкіртіне «сыйға тартқанын» жайбаракат жария еткеніне наразылығын білдірді.

Депутат бұл мәлімдемені адами моральға жат қылқана емес, сонымен бірге азаматтық неке жөніндегі заңнаманы көпес-көрнеу бұзу, қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі дінді мансұқ ету және оның құндылықтарына қасақана нұқсан келтіру деп түсіну керектігін кесіп айтты. Сонымен қатар ол адамды сыйға тарту – бұл адам сату, адам саудасы санатындағы қылмыс саналуы, заңды белшесінен басып, ойына келген сөзбен елді былғайтын мұндай жүргенсіздікке тосқауыл қойылуы керектігін мәлімдеді. Депутаттың айтуынша, адам былай тұрсын, хайуанға қиянат жасамауды дәріптейтін дін өкілі өз әйелін малдан бетер етіп, ашық сыйға беруі – қоғамдық жазғыруға пара-пар қылмыс саналуы тиіс!

Аталмыш подкаст иесі журналист Жанар Байсемізова болатын. Оның бұл әрекеті әлеуметтік желілерде көрермен жинау үшін нағыз хайп куу ретінде бағаланып, мұның арты оның әкімшілік жазаға тартылуымен тынған еді. Бапи мырза өз сауалында ұлттық мәселені популизм жолында құрбан етуге құштар журналист әріптестер мен масс-медианың басқа да өкілдерін кәсіби, адами және азаматтық ұстанымға берік болуға шақырды. Бұл орайда әрбір редакция мен журналистің тарапынан мынжылдық ұлттық мұраттарға қастық жасауға, кәсіби сананың іріп-шіруіне жол берілмеуі тиістігін айрықша атап көрсетті. Оның айтуынша, мұндай бейбастақтықтарға жол беру – заңға өрескел қайшы әрекет деп саналуы керек!

Бұл сауалында депутат сонымен қатар «Наурыз мерекесі ислам діни-

қы уағыз, әсіресе, буыны бекімеген жастардың сарыуыз санасына желімдей жабысып, оларды ұлттық салт-дәстүр дағдысынан айырудың аяласын жасауда. Олардың сиқырына алданған, дәстүрлі құндылықтардан қағылу, елдік мүддеден ажырау қатеріне іліккен жастар «жоғалған ұрпаққа» айналуы ғажап емес.

Осы орайда депутат теріс діндарлар риторикасындағы о дүниеге барып, көріп келгендей айтылатын махаббат жұмағы мен «нәпсі ләззатына кенелу» насихатының табиғи руханилықпен ешқашан сыйыса алмайтындығына да тоқталды. Мұндай дүмшелер уағызында Ораза айт пен Құрбан айттан басқа мейрамды, тіпті мемлекеттік мерекелерді атап өту – харам болып саналатындығын, олар үшін туған күн, шілдехана, тұсау кесу, беташар – харам, ешқайсысын тойлауға болмайтындығына назар аударды. Яғни, біздің түркілік тамырымыздан тарайтын құндылықтар олар үшін жат, харам, бөтен. Осы жайлы ашына жеткізіп: «Ағайындар, егер біздің сан ғасырлық ұлттық дәстүрлеріміз харам болса, Қазақстан мемлекеті сіздерге туған ел емес шығар?! Ұлттық құндылықтарды ғасырдан ғасырға сақтап қалған қазақтың қасиетті даласы сіздерге атамекен емес болар?! Ендеше, харамы жоқ, сіздер қош көретін елге неге қоныс аударып кетпеске?! Алды-артыңа бір уыс топырақ!» деп сауал тастап, ішкі қыжылын да төкті.

Депутаттың айтуынша, шын мәнінде біздің бүгінгі қоғам алаяқтық шылауына шырмалып, «ақпараттық терроризм» деп атауға болатын қиянатты құбылысқа тап болды. Мұны қоғамдық жүйенің құндылықтарын қасақана қи-

...біздің бүгінгі қоғам алаяқтық шылауына шырмалып, «ақпараттық терроризм» деп атауға болатын қиянатты құбылысқа тап болды. Мұны қоғамдық жүйенің құндылықтарын қасақана қирату, түсінік пен түйсікті теріс жолға салу, адамдар санасына маңызы өзгерген мән-мақсатты агрессивті түрде сіңіру құбылысы деп қабылдау қажет.

Іс жүзінде халықтық, қазақтық ұлттық дәстүрлерге қарсы шығу – Қазақстанның конституциялық құрылысына қарсы шығу деген сөз. «Қазақстан – зайырлы мемлекет» деп, Ата Заңда атап көрсетілген қағидатқа діни даңғазамен қарсы шығу - қылмыс!

не жат мейрам» деп жариялаған бір азаматтың бейне үндеуіне де тоқталды. Оның мазмұнына қатты ашыған депутат аталмыш бейнеүндеуді сауатсыз мәлімдеме деп атап көрсетті. Расында да әлеуметтік желілерді кезіп кеткен бұл дақпырт табиғатпен тел туатын мерекені жоққа шығару ғана емес, сонымен бірге біздің халықтың ғасырлардан тамыр тартатын салт-дәстүріне, ұлттық мәдениеті мен бірегейлігіне күмән келтірудің амалы. Осы жайлы айта келіп, депутат Бапи: «Тақуаның ел ішіне тарап бара жатқан түрпі тілімен айтқанда: иншаллаһ, қоғамды шулатқан қос қиушы әкімшілік жазаға тартылып, оларға айып салынды! Бірақ, құрметті Бас прокурор мырза, елдегі діни негіздегі қоғамдық жарықшақ терендеп кетпесін десек, ушығып бара жатқан жағдайды әкімшілік жазамен ғана ауыздықтау аздық етеді! Сондықтан әлеуметтік ресурстар арқылы теріс діни насихат пен діни араздықты қоздырушы тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тартуға мүмкіндік беретін заң нормаларын депутаттар корпусының талқылауына ұсынуды сұраймын» деп мұндай дінбұзар әрекеттерге жазаның қылмыстық тұрғыда негізделуінің маңызына назар аударды.

Бұлай етпеген жағдайда ұлттық мұрат пен халықтық мұраға орасан зор залалын тигізетін бұл проблеманың тұңғығы терең және әлдеқайда қауіпті болмақ. Ең бастысы – осындай уағызшысымақ тобыр біздің жас өскін ұрпақты, елді болашағын улауда. Сырттан сіңген теріс діни усой-

рату, түсінік пен түйсікті теріс жолға салу, адамдар санасына маңызы өзгерген мән-мақсатты агрессивті түрде сіңіру құбылысы деп қабылдау қажет. Іс жүзінде халықтық, қазақтық ұлттық дәстүрлерге қарсы шығу – Қазақстанның конституциялық құрылысына қарсы шығу деген сөз. «Қазақстан – зайырлы мемлекет» деп, Ата Заңда атап көрсетілген қағидатқа діни даңғазамен қарсы шығу – қылмыс!

Егер біз бұл теріс доғмаға бүгін өте қатаң және жүйелік тойтарыс бермесек, ертең қапыда қалуымыз әбден мүмкін. Оның күрт кереғар нәтижесі бізге адам айтқанысыз ауыр тиері кәдік!

Сөз соңында депутат Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қатысты базынасын да ортаға салды. Ол бұл орайда «жоғарыда аталған қос дүмшенің дүрбелеңіне қатысты басқарманың дін қайраткерлері мен діни шенеуніктері тарапынан қарсы пікір айтылғанын естімедім. Тіпті, менің ойымша, ресми басқарма сырттан сіңген теріс діндарлардан қаймығып, «сен тимесек, мен тимен, бадырақ көздің кебін киген тәрізді» деп орынды атап өтті. Оның айтуынша, қарапайым тілде «ДУМК» деп қысқартылып аталатын басқарма өз жұмысын қайта қарауы керек. Олар цифрлық кеңестікке шығып, ел іші мен онлайн ортадағы діни кикілжіңге дер кезінде зейін қойып, қоғамды зұлым уағыздар қоршауында қалдырмауы тиіс.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ПӘРМЕН

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет ретінде өз аумағында заң үстемдігін, қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді басты міндеттердің бірі ретінде айқындайды. Осыған байланысты ел аумағында уақытша немесе тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» заңы, сондай-ақ көші-қон саласындағы өзге де нормативтік-құқықтық актілер арқылы реттеледі.

ШЕТЕЛДІКТЕР ЕЛ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУҒА МІНДЕТТІ

Бұл заңнамалық база шетелдіктердің құқықтарын қорғаумен қатар, олардың Қазақстан Республикасының заңдарын сақтау жөніндегі міндеттерін де нақты белгілейді. Мемлекет, бір жағынан, шетел азаматтарына белгілі бір құқықтар мен бостандықтар берсе, екінші жағынан, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті сақтау мақсатында белгілі бір шектеулер мен жауапкершілік шараларын қолданады.

Қазіргі жаһандану жағдайында адамдардың еркін қозғалысы артып, мемлекетаралық көші-қон үдерістері белсенді сипатқа ие болуда. Осы тұрғыда Қазақстан да халықаралық көші-қон ағындарының бір бөлігіне айналып отыр. Ел аумағына түрлі мақсаттармен – еңбек ету, білім алу, жеке істерін шешу немесе туризм мақсатында келетін шетелдіктер саны жылдан жылға өсуде. Мұндай жағдайда көші-қон заңнамасының сақталуын бақылау және құқық бұзушылықтардың алдын алу ерекше маңызға ие. Егер шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам белгіленген талаптарды бұзатын болса, мемлекет тарапынан оны ел аумағынан шығару шарасы қолданылуы мүмкін.

ету және болашақта осындай құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында жүзеге асырылады.

Тағы бір маңызды негіздердің бірі – Қазақстан Республикасының аумағына кіру немесе онда болу үшін қажетті құжаттарды рәсімдеу кезінде жалған мәліметтер ұсыну. Мысалы, жалған шақыру қағаздары, жалған еңбек шарттары немесе жеке басына қатысты дұрыс емес ақпарат беру – мұндай жағдайларда шетелдіктің елде болуына заңды негіз жоқ деп танылады. Сондықтан мұндай фактілер анықталған кезде уәкілетті органдар тиісті шешім қабылдап, тұлғаны елден шығару туралы мәселені қарайды.

Ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіру де шетелдікті Қазақстан Республикасының аумағынан шығару үшін маңызды негіздердің бірі болып табылады. Егер тұлғаның әрекеттері немесе қызметі мемлекеттің қауіпсіздігіне, қоғамдық тұрақтылыққа немесе халықаралық беделіне зиян келтіруі мүмкін деп бағаланса, онда оған қатысты қатаң шаралар қабылданады. Мұндай жағдайларда шешімдер, әдетте, құзыретті мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде қабылданады.



Елден шығару негіздерінің ең кең тараған түрлерінің бірі – көші-қон заңнамасын бұзу. Мәселен, Қазақстан Республикасында уақытша болу мерзімін негізсіз асырып жіберу, белгіленген мерзімде тіркелмеу, визалық режим талаптарын сақтамау немесе тиісті рұқсатсыз еңбек қызметін жүзеге асыру – мұның барлығы шетелдікті елден шығару туралы шешім қабылдауға негіз бола алады. Практика көрсеткендей, мұндай құқық бұзушылықтар көбіне заң талаптарын жеткілікті деңгейде білмеуден немесе оларды елеумен туындайды. Дегенмен, заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды, сондықтан әрбір шетелдік Қазақстан аумағында болған кезде қолданыстағы тәртіпті сақтауға міндетті.

Сонымен қатар, қоғамдық тәртіпке, азаматтардың қауіпсіздігіне немесе қоғамдық мораль нормаларына нұқсан келтіретін әрекеттер жасаған шетелдіктерге қатысты да елден шығару шаралары қолданылады. Бұл санатқа бұзақылық әрекеттер, қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтар, заңсыз қызмет түрлерімен айналысу сияқты жағдайлар жатады. Егер мұндай әрекеттер қоғамға елеулі зиян келтіретін болса, уәкілетті органдар тиісті материалдарды сотқа жолдап, шетелдікті ел аумағынан шығару туралы мәселені көтереді.

Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып, әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасаған шетелдіктер де елден шығарылуы мүмкін. Әсіресе, ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған тұлғаларға қатысты сот үкімімен қосымша жаза ретінде елден шығару жиі қолданылады. Бұл шара тек жазалау мақсатында ғана емес, сонымен қатар қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды елден шығару тәртібі көбінесе сот арқылы жүзеге асырылады. Сот әрбір істі жан-жақты қарап, дәлелдемелерді зерттеп, тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін ескере отырып шешім қабылдайды. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда әкімшілік тәртіппен де елден шығару шаралары қолданылуы мүмкін. Қалай болғанда да, бұл рәсім барысында заңдылық қағидаты қатаң сақталып, адамның қадір-қасиеті мен негізгі құқықтары қорғалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқық нормаларын, оның ішінде адам құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық шарттарды басшылыққа алады. Сондықтан шетелдіктерді елден шығару кезінде олардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына ерекше назар аударылады. Мәселен, тұлғаға өз ұстанымын білдіруге, құқықтық көмек алуға және сот шешіміне шағым жасауға мүмкіндік беріледі. Бұл – құқықтық мемлекеттің маңызды белгілерінің бірі.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасының аумағынан шығару – бұл мемлекеттің көші-қон саласындағы заңдылықты қамтамасыз етуге, қоғамдық қауіпсіздікті сақтауға және ұлттық мүдделерді қорғауға бағытталған құқықтық тетік. Алайда бұл шара әрқашан заң талаптарына сәйкес, әділдік пен адам құқықтарын сақтау қағидаттары негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Осындай теңгерімнің тұрақты дамуына және құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді.

А. ҚОСМАҒАНБЕТОВ,
Ақтау қаласы №2 сотының
судьясы

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ОҢ ҚАДАМ

Конституцияға сәйкес, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫН ШЕКТЕУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 2-бабының талабына сай сайлау азаматтардың сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделген. Осы заңның 4-бабында жалпыға бірдей сайлау құқығы қаралған: Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтары – тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан, сайлауда дауыс беруге қатысу құқығына ие.

1995 жылғы 2 қарашадағы «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңына сай республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарына сайлау құқы беріледі. Республиканың өзге азаматтарының референдумға қатысу құқығын қандай да болмасын тікелей не жанама шектеуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жазаланады. Сондай-ақ, сайлау және референдум туралы Конституциялық заңдарында сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар сайлауға және референдумға құқығы жоқ. Референдум комиссияларының шешімі мен әрекетіне (әрекетсіздігіне) «Сайлау туралы» заңға сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

Соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиясы мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізу мәселелеріне қатысты, оның ішінде сайлау туралы заңнаманың бұзылуы туралы сайлауға дайындық және оны өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қабылдауға, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, оларды – бес күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті.

Азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштері, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күннің ішінде қарайды. Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне жасалған шағымды, егер осы Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап үш күннің ішінде қарайды.

Сайлау және референдум туралы Конституциялық заңның 50-бабы мен 36-бабында сайлау және рефе-

рендум туралы заңдарды бұзғандарға жауапкершілік көзделген. Оның ішінде тұлға: сайлау комиссиясының жұмысына араласқан, дауыс беруге кедергі келтірген, кандидатты, партиялық тізімді тіркеуге байланысты міндетті орындауға кедергі келтірген, дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндетті орындауға кедергі келтірген, кандидатты, саяси партияны сайлау мақсатында өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылығын пайдаланған, сайлау құжатын қолдан жасаған, дауысты көрінеу қате санаған, сайлау нәтижесін көрінеу қате айқындаған, дауыс беру құпиясын бұзған, Республика азаматының өз сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына зорлық-зомбылық жасау, алдау, қорқыту, сатып алу жолымен кедергі келтірген жағдайда қылмыстық жауаптылықта болады. Осы Конституциялық заңдардың бұзылуы анықталған кезде сайлау комиссиясы сотқа не прокуратураға жүгінуге құқылы.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 25-тарауында сайлауға, Республикалық референдумға қатысатын азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің сайлау құқығын қорғау туралы әкімшілік істер бойынша іс жүргізу талаптары көзделген. Егер «Сайлау туралы» және «Референдум туралы» заңдарда өзгеше көзделмесе, сайлауды, республикалық референдумды дайындау және өткізу кезеңінде, сондай-ақ дауыс беру күнінен бастап бір ай ішінде келіп түскен талап қою – бес күнді мерзімде, ал дауыс беру күніне дейін бес күнге жетпейтін мерзімде, дауыс беру күні және сайлаудың, республикалық референдумның қорытындысы жарияланғанға дейін келіп түскен талап қою дереу қаралады. Сайлаушылардың тізімін түзету қажеттігі туралы сайлау комиссиясының шешіміне шағым жасау туралы талап қою келіп түскен күні қаралады.

Талап қоюды сот талап қоюшының, тиісті сайлау комиссиясы немесе мемлекеттік орган, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органы, кәсіпорын, ұйым өкілінің, прокурордың қатысуымен қарайды. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған адамдардың сотқа келмей қалуы әкімшілік істі қарауға және шешуге кедергі болмайды.

А.ШАРХАНОВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы



«ӘЛ-ФАРАБИ» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жоғары оқу орнына түсіп, өзі қалаған оқу ордасында жүрегіне жақын мамандықты меңгеріп шығу көз келген талапкердің арманы. Ұлттық бірыңғай тестілеуді үздік тапсырып, арманына қол жеткізіп жүрген жастар арасында жеткілікті. Мемлекет осы арқылы талапты жастарды тегін біліммен қамтамасыз етудің бірыңғай тетігін жасаған. Бұл ең алдымен мемлекеттің білімге қаншалықты көңіл бөлетінін көрсетсе, екіншіден, жастардың болашағына бей-жай қарамайтынын аңғартады. Сонымен бірге ҰБТ арқылы жоғары оқу орнына түсу білім саласындағы сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шауып, оқыған, талаптанған жастардың өз мақсатына жетсем деген сенімін бекіте түсуімен де маңызды саналады.

Қазақстандық оқушылар үшін финал ҚазҰУ кампусында офлайн форматта өтеді. Тек шетелдік қатысушылар ақтық сынағ онлайн форматта қатысады. Сынақ бағдарламасы жаратылыстану мен математикадан бастап, гуманитарлық пәндер мен тілдерге дейінгі кең ауқымды қамтиды. Қорытынды кезең тапсырмаларына теориялық есептер, эссе жазу және қатысушылардан логикалық ойлау мен ғылыми терминологияны меңгеруді талап ететін күрделі



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚазҰУ-да өткен ғылыми қауымдастық өкілдерімен кездесу барысында: «Келер ұрпақ біздің кейбір кемшіліктерімізге көз жұма қарайтын шығар. Бірақ олар Қазақстанды әділетті, қуатты мемлекетке айналдыратын, заң мен тәртіп, тазалық, табиғатты аялау, білім және ғылым салтанат құратын мүмкіндікті мүлтіксіз жеткізіп ешқандай ешқандай ел болуы керек. Біздің түпкі мақсатымыз – осы», – деді. Демек, бүгінгі жоғары оқу орындары да өзінің бағдарламасы мен жұмыс жоспарында осы мәселелерге мән беруі керек.

Елімізде жоғары оқу орындарының саны аз емес. Олардың әлеуеті де, берер мүмкіндігі де әртүрлі. Соның ішінде түлектердің көбінесе ҚазҰУ-ды таңдайтыны белгілі. Алайда, мемлекеттік грант иегері болуға ұлттық бірыңғай тестен жинаған балы жетпейтін амалсыз ақылы бөлімде білім алуға мәжбүр болып жатады.

Ал қаржылық жағдайы көтермейтіндер басқа университеттерді таңдап немесе келер жылы бақ сынауға шешім қабылдайды. Осыны ескерген ҚазҰУ басшылығы жыл сайын мектеп бітіруші түлектер үшін «Әл-Фараби» халықаралық олимпиадасын ұйымдастырып келеді. Бұл білім бәйгесіне Қазақстан мен ТМД елдерінің, сондай-ақ алыс-жақын шет мемлекеттердің жалпы білім беретін мектептерінде оқитын 11-сынып оқушылары қатыса алады.

Әділетті өткізіліп келе жатқан бұл білім сайысы ҚазҰУ-де Оқу-ағарту министрлігі мен «Дарын» республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығының қолдауымен жүзеге асырылуда.

Олимпиадаға қатысушылар үш кезең бойынша бақ сынайды. Алғашқы екі тур университет платформасында прокторинг жүйесін қолдану арқылы онлайн форматта ұйымдастырылса, қорытынды кезеңге алдыңғы турда ең жоғары балл жинаған қатысушы-

жағдаяттық тапсырмаларды шешуге негізделген.

Биыл да «Әл-Фараби олимпиадасына» қатысып, бақ сынағандар қатары қалың. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталып, сондай-ақ бірқатар жеңілдіктерге ие болды. Жеңімпаздар үшін ҚазҰУ-да оқу ақысына жеңілдіктер берілмек. Ал шетелдік талапкерлер Қазақстанның жетекші жоғары оқу орнына емтихансыз түсе алады.

Осылайша жыл сайын үзілмей келе жатқан жақсы дәстүр биыл да бірқатар талапты жастың ҚазҰУ-да білім алып, өзі сүйген мамандықты меңгеріп шығуына жол ашпақ.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың профессоры,
Меруерт АБИШЕВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың оқытушысы

МЕЖЕ

ТІЛДІҢ ТАҒДЫРЫ ҰРПАҚТЫҢ ҚОЛЫНДА

Тәуелсіз елдің басты тірегі – тіл. Ұлтты өзгелерден даралайтын да, өзіндік тарихы мен тағылымын саралайтын да – тіл. Тілі жоқ ұлттың күні жоқ. Қазақ тілі де мемлекеттік мәртебе иеленген өлемдегі санаулы тілдің бірі. Біз ана тіліміздің мәртебесі мен мәнін төмендетпей, келер ұрпаққа сол көркем қалпында жеткізуге міндеттеміз. Ата-бабамыз қандай қиын заманда да бағасын түсірмеген, маңызын кемітпеген қазақ тілінің ертеңгі тағдыры біздің қолымызда.

Тәуелсіздік алған кездегі жағдаймен салыстырғанда қазақ тілінің қазіргі жағдайы көш ілгері. Мұны әр саладағы оң өзгерістер байқау қиын емес. Бұған дейін қоғамдық орындардағы көрнекі жазулардың көпшілігі өзге тілдерде жазылатын еді. Қызмет көрсетуде де мемлекеттік тіл ысырылып қала беретін. Ал қазір мемлекеттік органдар ғана емес, айналадағы көрнекі жазудың бәрі дерлік мемлекеттік тілде жазылады. Аудармада, жазуда кеткен қателерге де халықтың бей-жай қарамайтынын байқап жүрміз. Азаматтар қазақ тілінде сөйлеп қана қоймай, қазақша қызмет етуді талап етуде де өте белсенді.

Сот саласында да іргелі өзгерістер орын алып отыр. Бүгінде қай сотты

алмасаңыз да кіріс-шығыс құжаттары 100 пайыз мемлекеттік тілде дайындалады. Сот гімараттарындағы жазулар мен хабарламалар бірінші мемлекеттік тілде жазылып, содан кейін өзге тілдерге аударылады. Дегенмен, мемлекеттік тілде қаралатын істер саны әлі өспей отыр. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, құзырлы органдар сотқа арыз-шағым түсірерде бұрыннан келе жатқан жаттанды үлгілерді пайдаланады. Өз бетінше ізденіп, материалдарды мемлекеттік тілде әзірлеуге құлықтары жоқ. Осыған орай әрбір сотта мемлекеттік орган өкілдерінің қатысуымен жиындар өткізіліп, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, тіл алдындағы жауаптылық мәселелері үнемі талқыланып келеді. Сонымен

бірге құзырлы орган өкілдеріне арыздар мен материалдарды қазақ тілінде рәсімдеуге көмектесетін үлгілер ұсынылады.

Жалпы, тілге деген құрмет мемлекеттік қызметшілерден, халықпен тығыз байланыста жұмыс жасайтын лауазым иелерінен басталуы тиіс. Осыны әр мемлекеттік қызметші түсінсе дейміз.

Екіншіден, сот процесінде орыс тілінде талап берген тараптың өзі орысша бір ауыз сөз білмей жататын кездер болады. Осы азаматтардың көпшілігі арызын орысша жазса іс тез, сапалы, мұқият қаралады деп ойлайды. Бұл – қате түсінік. Отандық сотта істер қай тілде берілгеніне қарамастан, заңды, әділ қаралады.

Үшіншіден, сотта қаралатын істерде мемлекеттік тілдің үлесінің кем болуы орыстелді заңгер, адвокаттардың көптігімен байланысты. Сондықтан, мемлекеттік тілде талап-арыз беруге құлықсыздық танытатын, қазақ тіліне қиын қарайтын заңгерлердің әрекетіне тосқауыл қойылуы қажет.

Қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, келешегін кемел ету біздің перзенттік парымымыз.

Аслан БОРАНОВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік соты
әкімшісінің басшысы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ



Алтыншаш АЗМАГАМБЕТОВА, қаржыгер:

«ТАБЫСЫҢДЫ БАСҚАРУДЫ ҮЙРЕНУ – ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА ЖЕТУДІҢ ЕҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ»

– Қазақстандағы қаржы жүйесіне қатысты халық арасында әртүрлі пікір бар. Сіздің ойыңызша, қаржы секторындағы негізгі проблемалар неге және бұл жағдай халықтың сеніміне қалай әсер етеді?

– Менің пікірімше, Қазақстандағы қаржы жүйесіне деген сенім толық деңгейде қалыптасқан деп айту қиын. Халықтың бір бөлігі қаржы институттарына сенсе, енді бір бөлігі керісінше күмәнмен қарайды. Мұның басты себептерінің бірі – қаржы саласына қатысты ақпараттың қарапайым әрі түсінікті түрде жеткізілуі. Көптеген азамат банк өнімдері, несиелері немесе мемлекеттік қаржы саясаты туралы нақты әрі толық мәлімет ала алмай жатады. Сонымен қатар, банктік қызмет көрсету жүйесінің күрделілігі де өз әсерін тигізеді. Кей жағдайда пайыздық мөлшерлемелерді, келісімшарт талаптарын немесе қосымша шарттарды халық жеткілікті түсінбей жатады. Бұл өз кезегінде сенімнің төмендеуіне әкеледі.

Тағы бір маңызды мәселе – халықпен байланыс орнату деңгейі. Қаржы жүйесі барынша ашық, түсінікті және қолжетімді болуы қажет. Егер ақпарат қарапайым тілде таратылып, қызмет көрсету сапасы артса, халықтың сенімі де біртіндеп күшейеді. Бірақ қазіргі таңда қоғамның белгілі бір бөлігінде қаржы жүйесіне қатысты сақтық пен сенімсіздік әлі де сақталып отыр.

– Сарапшылар халықтың қаржылық сауаттылығы әлі де төмен екенін айтады. Бұл бағыттағы негізгі проблемалар қандай?

– Иә, сарапшылар арасында халықтың қаржылық сауаттылығы әлі де жеткілікті деңгейде емес деген пікір жиі айтылады. Қазақстанда қоғам әртүрлі жағдайы жақсы азаматтар да бар, қаржылық қиындық көріп отырған адамдар да бар. Бірақ бұл мәселе тек адамның қалтасындағы ақшаға ғана байланысты деп айту дұрыс емес.

Көп жағдайда ол адамдардың қаржыға деген көзқарасына, қабылдауына, яғни санасына байланысты деп ойлаймын. Негізінде әр адам алғашқы тәрбиені отбасынан алады, кейін қоғам, мемлекет және қоршаған орта әсер етеді. Қазіргі уақытта әлем де, қоғам да өзгеріп жатыр. Соған сәйкес адамдар да жаңа жағдайларға бейімделуге тырысып келеді.

Бүгінде ақпарат өте көп. Қаржылық білім, өзін-өзі дамыту, жеке қаржыны басқару туралы түрлі бағдарламалар, жобалар мен әдістемелер ұсынылуда. Соның ішінен әр адамның өзінше қажеттісін таңдап, үйренуге мүмкіндігі бар. Бірақ бұл жерде ең бастысы – адамның өз ниеті мен жауапкершілігіне байланысты. Сонымен қатар кейбір адамдар қаржылық мәселелерін өздері шешудің орнына мемлекеттен немесе басқа біреуден көмек күтетін жағдайлар да кездеседі. Дегенмен қоғамда өмірлік қиындықтарға тап болған адамдар аз емес. Осындай кезде қайырымдылық қорлары мен әлеуметтік қолдау жүйелері маңызды рөл атқарады деп есептеймін.

– Қаржылық сауаттылық дегенді көп адам тек ақша үнемдеу деп түсінеді. Негізінде ол қандай дағдыларды қамтиды?

Көп жағдайда адамдар «қаржылық сауаттылық» дегенді әр тиынды ұғымға, өзіне ештеңе алмай немесе тек ақша жинаумен байланыстырып жатады. Кейбіреулер тіпті қаржылай сауатты болуды тек кредит алмау, барлық шығынды барынша қысқарту деп пайымдайтынын байқап жүрміз. Бірақ, шын мәнінде қаржылық сауаттылықтың мәні бұдан әлдеқайда кең. Қаржылық сауаттылық – бұл тек қалтадағы ақшаның мөлшері емес, ең алдымен адамның ойлау жүйесі мен қаржыға деген көзқарасы.

– Иә, дұрыс айтасыз. Көп жағдайда адамдар «қаржылық сауаттылық» дегенді әр тиынды үнемдеу, өзіне ештеңе алмай немесе тек ақша жинаумен байланыстырып жатады. Кейбіреулер тіпті қаржылай сауатты болуды тек кредит алмау, барлық шығынды барынша қысқарту деп пайымдайтынын байқап жүрміз. Бірақ шын мәнінде қаржылық сауаттылықтың мәні бұдан әлдеқайда кең.

Қаржылық сауаттылық – бұл тек қалтадағы ақшаның мөлшері емес, ең алдымен адамның ойлау жүйесі мен қаржыға деген көзқарасы. Өмірде түрлі жағдайлар болады: бүгін табыс жақсы болуы мүмкін, ал ертең табыс азаюы немесе мүлде өзгеруі ықтимал. Осындай кезде адам қаржылық тұрғыдан да, психологиялық тұрғыдан да тұрақты болуы маңызды. Қаржылық сауаттылық адамның өз қаржысын дұрыс жоспарлай білуін, табыс пен шығынды есептеп, дұрыс басқаруын, болашаққа қор жинауын, сонымен қатар өзіне белгілі бір деңгейде мүмкіндік бере алуын қамтиды. Яғни бұл тек үнемдеу ғана емес, қаржылық мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану, білімін арттыру және саналы шешім қабылдау қабілеті. Сондықтан қаржылық сауатты адам тек ақша жинап қана қоймайды, ең алдымен өзінің білімін, түсінігін дамытады. Өйткені қаржыны дұрыс басқарудың негізі – білім мен дұрыс ойлау жүйесі. Адам ішкі тепе-теңдігін сақтап, өз өмірін дұрыс жоспарлаған кезде, қаржы мәселелері де біртіндеп ретке келе бастайды.

– Салық саясаты экономиканың дамуына тікелей әсер етеді. Қазақстандағы қазіргі салық жүйесіне қандай баға бересіз?

– Салық саясаты шынымен де экономиканың дамуына тікелей ықпал етеді. 2026 жылы бұл салада, әсіресе кәсіпкерлер үшін бірқатар өзгерістер болды. Соның әсерінен кейбір әлеуметтік немесе тұрақсыз бизнес түрлері нарықта қиындықтарға тап болып жатыр. Бірақ сонымен қатар жаңа кәсіптер пайда болып, кейбір бизнес бағыттары керісінше дамып, күшейіп келеді. Әсіресе жеке кәсіпкерлік (ИП) саласында өзгерістер көп болды. Дегенмен, осы өзгерістерге бейімделе алған кәсіпкерлер өз бизнесітерін одан әрі дамытып, тіпті масштабтауға ұмтылып жатыр. Сондықтан мұны тек қиындық деп қарау дұрыс емес, бұл белгілі бір деңгейде жаңа мүмкіндіктерді де ашады.

Нарықта ең тұрақты, жүйелі жұмыс істейтін кәсіптер ғана сақталып, дамуға мүмкіндік алады деп ойлаймын. Сонымен

бірге кәсіпті енді бастап жатқан немесе шағын бизнес иелері үшін ақпараттың қолжетімді әрі түсінікті болуы өте маңызды.

Қазіргі кезде халық арасында түрлі қауесеттер мен жалған мәліметтер көп таралып жатыр. Әсіресе әлеуметтік желілер мен интернетте салыққа қатысты шынайы емес ақпараттар жиі кездеседі. Соның салдарынан көптеген адамдарда негізсіз қорқыныш пайда болған. Мысалы, кейбір азаматтар қарапайым банк аударымдарын қабылдаудан да қорқып жатады. «Мемлекет тексеріп қояды», «камералдық тексеруге шақырады» деген сияқты ойлар адамдарды аландатады. Ал шын мәнінде көп жағдайда мәселе ақпараттың дұрыс түсіндірілуіне туындайды. Сондықтан мемлекет тарапынан салық саясатын қарапайым, түсінікті тілмен түсіндіретін, адамдарды қорқытпай, керісінше кәсіпкерлікке ынталандыратын ақпараттық жұмыстар көбірек жүргізілсе, бұл қоғам үшін де, экономика үшін де пайдалы болар еді деп ойлаймын.

– Қаржы секторын дамыту, қаржылық сауаттылық және салық саясаты – осы үш бағыттың бір-бірімен байланысы қандай?

– Бұл үш бағыт бір-бірімен өте тығыз байланысты. Қаржы саясаты көбіне мемлекеттік деңгейде қалыптасатындықтан, қарапайым халыққа оның қалай жұмыс істейтіні кейде түсініксіз болып жатады. Яғни, көптеген азаматтар қаржы жүйесінде

қандай өзгерістер болып жатқанын немесе олардың жеке өміріне қалай әсер ететінін толық біле бермейді. Мысалы, адамдардың зейнетақы қорында жиналып жатқан қаражаты бар. Бірақ оны қалай тиімді пайдалану немесе қолданудың артықшылығы мен мүмкіндіктері туралы ақпарат бәрінен бірдей түсінікті емес. Соның салдарынан көп адам өз қаржысына қатысты шешім қабылдауда сенімсіздік танытады.

Қаржылық сауаттылық мәселесіне келсек, қоғамда әлі де белгілі бір шектеулер мен қорқыныштар бар. Кейбір адамдар қаржы тақырыбына сақтықпен қарайды, көбінесе тек үнемдеумен шектеледі. Ал салық саясаты кәсіпкерлерге де, өз ісін бастауға немесе дамытуға ниетті адамдарға да тікелей әсер етеді. Сондықтан қаржы секторын дамыту, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру және салық саясатын түсінікті ету – бір-бірін толықтырып тұратын бағыттар. Егер бұл үш сала үйлесімді жұмыс істесе, адамдар қаржылық жүйені жақсырақ түсініп, экономикаға да белсендірек қатыса бастайды.

– Қарапайым азаматтарға қаржылық тұрақтылыққа жету үшін қандай кеңес берер едіңіз?

– Қаржылық тұрақтылыққа жетудің ең алғашқы қадамы – өз қаржыны бақылауды үйрену. Яғни, адам алдымен өзінің табысы мен шығынын нақты түсінуі керек. Көп жағдайда адамдар қанша ақша табатынын біледі, бірақ сол ақшаның қайда кетіп жатқанын байқамай қалады. Сондықтан ең қарапайым қадам – жеке бюджетті жоспарлау. Екінші маңызды нәрсе – қаржылық «қауіпсіздік жастығын» қалыптастыру. Кез келген адамның өмірінде күтпеген жағдайлар болуы мүмкін. Сол кезде қаржылық қиындыққа тап болмас үшін белгілі бір мөлшерде жинақ болғаны дұрыс. Сонымен қатар қаржылық сауаттылықты үнемі дамыту қажет.

Қаржы туралы білімді арттыру, банк қызметтерін, инвестиция мүмкіндіктерін және қаржыны басқару тәсілдерін түсіну адамға дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Ең бастысы – табыс пен шығын арасында тепе-теңдікті сақтап, қаржыға саналы көзқараспен қарау маңызды. Уақыт өте келе осындай қарапайым дағдылар адамның қаржылық тұрақтылығын қалыптастырады.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізде рақмет!

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

МЕРЕЙ

ӘДІЛЕТТІЛІК ҚАФИДАТЫНА БЕРІК СУДЬЯ



Құқық пен әділет жолына ғұмырын арнаған судья Ербол Абжанов асқаралы 60 жасқа келді. Әріптесіміз еңбек жолын 1989 жылы Қарағанды қаласында «Угольремстрой» РСҮ мекемесінде бетоншы болып бастаған. 1990 жылдан бастап прокуратура органдарындағы қызметке қадам басты. Теміртау қаласының прокуратурасында прокурор көмекшісінің тағылымдамашысы, кейін Қарағанды қаласы Ленин аудандық прокуратурасында тергеуші тағылымдамашысы болды. 1991–1992 жылдары осы прокуратурада тергеуші қызметін атқарып, қылмыстық істерді тергеу саласында құнды тәжірибе жинақтады. Одан кейін кәсіпкерлік салада еңбек етіп, «Ұлпан» фирмасында директордың орынбасары, кейін «Жанқар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры қызметін атқарды.

1995 жылы Қарағанды облыстық прокуратурасының аса маңызды істер жөніндегі тергеушісі ретінде қасақана адам өлтіру қылмыстарын ашу бөліміне тартылып, күрделі істерді тергеуге қатысты. 1997 жылдан бастап прокуратура саласында жауапты басшылық лауазымдарда еңбек етті. Қарағанды облыстық прокуратурасында КНБ, кеден және салық полициясы органдарындағы жедел-іздіктер, тергеу және анықтау жұмысының заңдылығын қадағалау бөлімінде прокурор, кейін бөлім бастығы болды. Сондай-ақ Жезқазған қаласы прокурорының орынбасары, Қарағанды облыстық прокуратурасының аға прокуроры, Қарағанды қаласы Октябрь ауданы прокурорының бірінші орынбасары қызметін абыроймен атқарды.

2002–2003 жылдары Қарағанды облыстық прокуратурасында бөлім және басқарма деңгейіндегі басшылық қызметтерді атқарды. 2003 жылдан бастап сот жүйесіндегі қызметі басталды. 2003–2017 жылдары Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық №2 сотының судьясы болып, әділ әрі салмақты шешімдерімен танылды. 2017–2024 жылдар аралығында Қарағанды облыстық сотының судьясы қызметін атқарып, өңірдегі сот төрелігінің сапасын арттыруға елеулі үлес қосты.

Ербол Абжановпен ұзақ жылдар бойы бірге қызмет атқарған әріптестері оның кәсіби және адами қасиеттерін ерекше атап өтеді. Қарағанды облыстық сотының судьясы Елик Мухамеддиннің айтуынша, Абжанов әріптестеріне терең құқықтық білімімен, салмақты мінезімен үлгі болған, әділеттілік қағидаттарына берік тәжірибелі судья. Ербол Тюлюгазинұлы күрделі істерді қарауда әрқашан байыппен шешім қабылдап, әріптестеріне бағыт-бағдар бере білетін маман ретінде, ұжымда зор құрметке ие.

Ербол Абжановтың көпжылдық еңбегі – заңдылыққа, әділеттілікке және кәсібилікке адал қызмет етудің айқын үлгісі. «Мінсіз қызметі үшін» III дәрежелі медалі әріптесіміздің сот жүйесіндегі ұзақ жылғы еңбегінің бағасы.

Ербол Тюлюгазинұлының 60 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасылық береке, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі

БАЗЫНА

ТҮРІК ТЕЛЕХИКАЛАРЫ ҚАЗАҚЫ ТАНЫМҒА ҚАЙШЫ

Қазақстан телеарналары осыдан оншақты жыл бұрын үнді телехикаяларына тоқтаусыз көрсетіп, ұлдарымыз бір-бірін Чандро, қыздарымыз Индира деп атай бастады. Ал ата-аналар жаңа туған нәрестелеріне үнді телехикаялары кейіпкерлерінің есімін қоятынды шығарды. Бұл үрдіс халықтың сынына ұшырап, ашу-ызасын тудырған соң ғана сап тыйылды.

Ал қазір тағы бір телеарнада «Черная любовь» қазақ тіліне аударсақ «Қара махаббат» деген телехикая көрсетіледі. Сонымен кешкі сағат 20.00-ден түнгі сағат 23.00-ге дейін сағызша созылатын осы хикаяны үйдегі әйелдер қауымы көріп болғаннан кейін ғана демалуға жатады. Мұхан есімді көршім: «Сені кемпірің қалай атап жүр, менің әйелім Осман дейтін болды» деп әзілдеді жақында. Екеуміз егде жастағы адамбыз. Сонда ақыл тоқтатқан, өзіндік ұстанымы қалыптасқан адамдардың да сериалдар санасын улауға толық әлеуметті болып отыр.

Менің бауырлас түрік халқына теріс ойым жоқ. Бәріміз түркітілдес халықтарымыз, дініміз бір. Десек те, «Қара махаббат» сынды күнде көрсетілетін сериалдар қазақы құндылықтардан алыстататынын ұмытпауымыз керек. Қазақта қара махаббат деген түсінік жоқ, таза немесе көрнеу қара пиғылда мақсатын іске асыруға талпынғандардың жалған махаббаты болады.

Түрік халқының өз мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-жоралғысы бар, біздікінен тіпті бөлек. Түрік хикаяларындағы оқиғалардың да біздің ұлттың табиғатына сай келмейтін сюжеттері баршылық. Мысалы біздің ата-бабамыз физиологиялық, рухани тазалығын сақтап қалу мақсатында жеті атаға дейін қыз алыспау, қыз беріспеу қағидатын бұзбаған. Ал шетелдік хикаяларда туысына, ағайынына көз салу, сөз салу, отау құру қалыпты нәрсе. Міне осындай әдемі ертегілерді көріп ертең нағашылы жиеңдер бір-біріне құда түсіп жүрмесе деген сары уайым сүйекті мүжігендей мүжіп барады. Осындай сериалдарды тұрақты көрсетіп жүрген біздің телеарналар ұлт мұратын, ұрпақ тәрбиесін ескермейтіндей көрінеді. Шетелдік хикаялардың қандай тәлім-тәрбие беріп жатқанын қала, аудан, облысты айтағанда, республикалық ішкі саясат құрылымдары білмей, көрмей отыр дегенге сенгіз келмейді. Ал өнер, кино деген ең өтімді идеология. Осыны қаперден шығармасақ деймін.

Илияс АХМЕТОВ,
Төлеби ауданы Ленгір қаласының тұрғыны
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ИГІ ІС

ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТИЛЕРІНІҢ САНЫ ӨСТІ

Еліміздегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2025 жылы 835-тен 1 672-ге дейін ұлғайды. Олардың көбі Астана, Алматы қалалары мен Батыс Қазақстан, Алматы және Абай облыстарында шоғырланған. Қызмет түрлері бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің 60 пайызы білім беру, 20 пайызы әлеуметтік қызмет көрсету, 10 пайызы денсаулық сақтау, 10 пайызы басқа салаларда жұмыс істейді.

Әлеуметтік кәсіпкер – халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтитын немесе оларға тауар/қызмет ұсынатын, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері тізіліміне енгізілген жеке кәсіпкер немесе ЖШС. Әлеуметтік кәсіпкерлік мәртебесін алу оларға әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге мемлекеттік қолдау алуға мүмкіндік береді. Сондықтан Кәсіпкерлік кодексінің 6-тарауы кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігіне арналған. Өйткені, мемлекет кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі үшін жағдайлар жасайды.

Алайда кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік, экологиялық және өзге де салаларды дамытуға ерікті үлес қосуы кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі болғанмен, оларды әлеуметтік жауапкершілік бойынша қызметті жүзеге асыруға мәжбүрлеуге ешкім құқылы емес. Кодекстің 79-бабы бойынша әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің 4 санаты бар. Мәселен, бірінші санатқа – мүгедектігі бар адамдарды; мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-ананы және басқа заңды өкілдерді; зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы азаматтарды; балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттың 29 жасқа дейінгі түлектерін; ҚАЖ мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдар; ҚАЖ мекемелерінде жазасын өтеп жүрген және пробация кезінде есепте тұрғандар; белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды; аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарды; наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдар кіреді.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КЕСЕЛ

СЫБАЙЛАСТЫҚ СЕҢІМДІ СЕТІНЕТЕДІ

Сыбайлас жемқорлық – Қазақстанның дамуы мен сұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндірретін басты мәселелердің бірі. Бұл көріністер қоғамның сенімін өлсіретіп, мемлекеттік басқарудың тиімділігін төмендетеді. Сондықтан да Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сыбайлас жемқорлықпен күресті басты мемлекеттік басымдық ретінде жариялап, бұл бағытта нақты стратегия мен құрылымдық өзгерістерді іске қосуда.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітіп, оны жүзеге асыруға арналған іс-қимыл жоспарын қабылдады. Тұжырымдаманың басты міндеті – сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, парасаттылықты арттыру, жауапкершілікті қамтамасыз ету, азаматтық қоғамның белсенділігін күшейту және мониторингті жетілдіру болып табылады.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі түрде жалғасуда. Президенттің тапсырмалары мен жолдаулары негізінде нақты заңнамалық өзгерістер, мемлекеттік басқаруды жобалық тәсілмен реформалау, дербес органдар мен азаматтық қоғамды жемқорлықпен күреске тарту бағытында іргелі жұмыстар қолға алынды. Әлбетте, нәтиже жаман емес. Оны бюджеттік қаражатты тиімді қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселелерді ашық айқындау әдістерінің енгізілуінен де байқауға болады. Дегенмен, халықаралық индекс көрсеткіштері бұл бағыттағы жұмыстардың әлі де жалғасуы қажеттігін дәлелдейді.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықпен күрестің стратегиялық негізі – 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдама, мемлекеттік қызметте меритократия мен жауапкершілікті күшейту, ашықтыққа бағытталған жаңа механизмдер – қоғам мен мемлекет арасындағы міндетті диалогты нығайта түсетін маңызды қадамдар. Алдағы уақытта бұл шаралардың әсері нақты қоғамдық сенімді қалыптастыру мен еліміздің тұрақты дамуына жол ашады деген үміт бар.

А.МЕДЕЕВА,
Жетісу облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы



САРАП

Атқарушылық ісінде әлі де жетілдіруді, жүйеленуді қажет ететін мәселелер аз емес. Мұны жақинада Орталық коммуникациялар алаңында журналистермен жүздескен Әділет министрілігі Мәжбүрлеп орындату комитетінің төрағасы Мақсат Балабеков те айрықша атап өтті. Былтыр атқарылған жұмыстар мен нәтижелерге тоқталған төрағаның сөзіне қарағанда берешекті өндіруде біраз ілгерілеу бар.

АТҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ЕНДІ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БӨЛІНЕДІ



Борышкерлерден 557,6 млрд теңге өндірілді

Сот шешімдерін және басқа да атқару құжаттарын мәжбүрлеп орындату шаралары өндіріп алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған соңғы кезең. Осы саладағы мемлекеттік саясатты және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру Әділет министрлігіне жүктелген. Министрлік өндіріп алушы мен борышкердің құқықтары мен заңды мүдделері арасындағы теңгерімді қатаң сақтай отырып, атқарушылық құжаттардың уақытылы орындалуын қамтамасыз етуге күш салып келеді.

Қазіргі уақытта атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындауды мемлекеттік сот орындаушылар, жеке сот орындаушылар, сондай-ақ жеңілдетілген іс жүргізу шеңберінде «цифрлық» деп аталатын сот орындаушылар жүзеге асырады. Өткен жылы сот орындаушылары цифрлық сот орындаушысымен бірге 15,5 трлн теңгені құрайтын 10,2 млн-нан астам құжатты орындады. Өндіріп алушылар пайдасына 557,6 млрд теңге қайтарылды. Бұл 2024 жылғы көрсеткіштен (69 млрд теңге) 88,6 млрд теңгеге жоғары. Яғни, былтыр сот орындаушылардың жүйелі жұмысының нәтижесінде сот актілерін жедел, сапалы орындау деңгейі айтарлықтай жоғарылаған.

Сонымен қатар былтыр мемлекет кірісіне 63,4 млрд теңге өндірілген, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен (57,7 млрд теңге) 10%-ға артық. Сонымен қатар, мемлекеттік сот орындаушылары мемлекет пайдасына 3,4 млрд теңге көлемінде атқарушылық санкцияны өндіріп, өткен жылдың көрсеткішін (2,4 млрд теңге) үш есе жоғарылатты.

Ортақ жетістікте цифрлық сот орындаушылардың да үлесі бар. Айталық, былтыр жеңілдетілген іс жүргізу арқылы 9,9 млрд теңге өндірілген. Ал жеңілдетілген өндіріс шеңберінде жеке сот орындаушысы қызметіне төлем және атқарушылық санкция төленбейтіні белгілі. Осы тұрғыдан алғанда цифрлық сот орындаушылары азаматтардың шамамен 2,4 млрд теңге қаражатын үнемдеуге көмектесіп отыр.

нәтижесінде өткен жылы 4824 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 380 борышкерге қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

Борышкерлердің жасырын кірістерін анықтау да күрделі жұмыс. Соған орай Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп кешенді шараларды қолға алуда. Бұл өз кезегінде борышкерлер туралы мәліметтерді жинаудағы, ақпараттық

сұға үміткерлерді аттестаттау комиссиясы жойылды және аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары қайта қаралды. Атқарушылық құжаттарды ашық және пропорционалды бөлуді қамтамасыз ету мақсатында жеке сот орындаушысын таңдау мүмкіндігі алынып тасталды.

Енді барлық атқарушылық құжаттар жеке сот орындаушылары арасында ақпараттық жүйе арқылы автоматты түрде бөлі-

нәтижесінде өткен жылы 4824 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 380 борышкерге қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

Азаматтар шағымы аяқсыз қалмайды

Туризм және спорт министрлігінің Бірыңғай есепке алу жүйесімен интеграциялық өзара іс-қимыл жүргізілуде. Бұл

нәтижесінде өткен жылы 4824 борышкер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 380 борышкерге қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

Бұдан бөлек, Азаматтық процессуалдық кодексіне, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс пен «Атқарушылық іс жүргізу туралы» заңдарға өзгерістер енгізілді. Соған сәйкес адамның жалғыз мүлкін берешек үшін өндіріп алу тек сот шешімі негізінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ жеке кәсіпкерлерден алиментті нақты ақша сомасында өндіруді реттейтін нормалар енгізілді. Сонымен бірге, Әділет министрінің қолданыстағы бұйрықтарына жеке сот орындаушыларына мониторинг жүргізудің рәсімдерін күшейтуге бағытталған өзгертулер енгізілуде.

«AdiletGov» мобильді қосымшасы қолданыста

Комитет төрағасы Мақсат Балабековтің сөзінше атқарушылық іс жүргізудің қолжетімділігі мен ашықтығын арттыру мақсатында министрлік өткен жылдың I шілдесінде «AdiletGov» мобильді қосымшасымен біріктірілген жаңа «Тараптар кабинеті» модулін іске қосты. Атқарушылық іс жүргізу тараптары енді қабылданған және жоспарланған мәжбүрлеп орындау шараларын уақыт кестесі форматында бақылай алады. Қабылданған шараларға немесе сот орындаушысының әрекетсіздігімен келіспеген жағдайда, тараптар дереу өтініш қалдыра алады, оны сот орындаушысы 5 күн ішінде қарауға тиіс. Іске қосылған сәттен бастап (2025 жылғы I шілде) атқарушылық іс жүргізу тараптарынан 12 784 өтініш түскен. Бүгінде қосымшаны пайдаланушылар саны 86 мыңнан асады.

Бұған қоса сот орындаушыларының тәртібін нығайтуға және оларға бақылауды күшейтуге бағытталған «Цифрлық көмекші» енгізілді. Былтыр тамыз айында талап қою мерзімі өткен құжаттар бойынша борышкерлердің бірыңғай тізілімінен жазбаларды алып тастаудың автоматтандырылған тетіктері іске қосылды. Тізілім азаматтардың жеке сұраулары болдырмай, автоматты түрде жаңартылады. Сонымен қатар, мәжбүрлеп орындау шараларын автоматты түрде жоюдың бірінші кезеңі жүзеге асырылды. Тұтастай алғанда, ақпараттық жүйені одан әрі дамыту қаржылық операциялардың ашықтығына, бақылауды күшейтуге, интеграцияларды кеңейтуге бағытталған.

Міне, осындай іргелі істерге бастамашы болып отырған Мәжбүрлеп орындату комитеті алдағы уақытта да атқару саласын тұрақты бақылауда ұстамақ. Өйткені талапкерлердің бұзылған құқықтарын толық және уақытылы қалпына келтіру азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ең маңызды кепілі болып табылады.

Түймегүл ИБАШЕВА,
«Заң газеті»

Заңнамалық түзеулерге сай жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуда қиындарды айтып отыратын комиссиясы жойылды және айтып отыратын өткізу тәртібі мен шарттары қайта қаралды. Атқарушылық құжаттарды ашық және пропорционалды бөлуді қамтамасыз ету мақсатында жеке сот орындаушысын таңдау мүмкіндігі алынып тасталды.

Енді барлық атқарушылық құжаттар жеке сот орындаушылары арасында ақпараттық жүйе арқылы автоматты түрде бөлінеді. Бұл барлық санаттағы істердің орындалу деңгейін арттырып, адал сот орындаушы мен өндіріп алушы арасындағы сөз байласу мүмкіндігін жояды.

Тұрақты жұмыс – қарызды қайтарудың сенімді тетігі

Әлеуметтік маңызы бар істер санаты бойынша мәжбүрлеп орындату жұмыстары ерекше бақылауда. 2025 жылы мәжбүрлеп орындауда 354 мың алиментті өндіру құжаты болған. Оның ішінде 59,6 мың құжат орындалуына байланысты (7,8 мың) немесе өндіріп алушының өтініші бойынша қайтарылған. Сондай-ақ проблемалық алимент төлемінің саны 12,7 мың немесе 4 % болып, балалар алдындағы қарыз 18 млрд теңгені құрады.

Жалпы, қарыздың қалыптасуына әдетте екі негізгі фактор түрткі болады: оның біріншісі ресми жұмыстың болмауына байланысты болса, екіншісі кірісті әдейі жасырумен тамырлас. Міне сондықтан сот орындаушылар атқарушылық құжаттарды орындауда борышкерлердің тұрақты жұмыспен қамтылуына айрықша ден қояды. Айталық, 2025 жылы борышкерлерді жұмысқа орналастыру мақсатында Әділет министрлігі жергілікті әкімдіктермен бірлесіп 645 бос жұмыс орындар жәрмеңкесін ұйымдастырған. Осындай игілікті шаралар нәтижесінде алимент бойынша қарызы қордаланған 6,5 мыңнан астам борышкер тұрақты жұмыспен қамтылды (2024 жылы – 6,2 мың). Бұл шын мәнінде ана мен баланың мүддесін, материалдық игілігін қорғаудағы маңызды қадам.

Бүгінде алимент төлеу бойынша берешек бар тұлғаларға заңмен қарастырылған мәжбүрлеп орындату шараларының барлығы қолданылады. Соның

борышкерлердің құмар ойындар мен бәс тігуге қатысуын шектеуге, сондай-ақ оларға салынатын төлемдерді өндіріп алу мақсатында ұтыстар туралы мәліметтерді анықтауға мүмкіндік береді.

Мәжбүрлеп орындату комитетінің төрағасы Мақсат Балабековтің айтуынша былтыр сот орындаушыларға қатысты азаматтардан түскен өтініштер мазмұны да әртүрлі. Көбінесе азаматтар атқару өндірісінің барысы туралы ашықтық пен ақпараттың болмауына, мәжбүрлеп орындату шараларының уақытылы жойылмауына, алименттердің төленбеуіне, мүлкті сатуға (реализация) байланысты өтініш, тілектерін жолдаған. Осыған орай аумақтық Әділет органдары жоспардан тыс бақылау жұмыстарын жүргізіп, 2 644 (2024–1922) жеке сот орындаушыны тәртіптік жауапкершілікке тартқан. Сондай-ақ 39 жеке сот орындаушы лицензиясынан айырылып, 6-ның лицензиясы тоқтатылған. Министрлік көпшіліктің пікірі мен ескертпесін ескере отырып атқарушылық іс жүргізуді одан әрі жетілдіру мақсатында іргелі өзденістер жасап келеді. Мәселен, бүгінде атқарушылық процестерді одан әрі автоматтандыру, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу назарда тұр.

Жеке сот орындаушыларды таңдай алмайсыз

Заңнаманы қоғам қажеттілігіне сай жетілдірудің маңызы да, тиімділігі де зор. Айталық, соңғы жасалған заңнамалық түзетулерге сай жеке сот орындаушы қызметімен айналы-

ТҮЙТКІЛ

ТІЛІН БІЛМЕГЕН ҰРПАҚТАН ТҰЛҒА ШЫҚПАЙДЫ

«Тіл – жұрттың жаны. Тілінен айырылған жұрт – жойылған жұрт», – деп Халел Досмұхамедұлы атамыз дұрыс айтқан. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – ана тілінде. Өр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдыретті.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын тіл болғандықтан, жүргізілетін барлық

іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде болуы тиіс.

Өйткені өркениетке құлаш ұратын елдің өрісі қашанда білікті де саналы ұрпақпен кеңеймек. Әлемдегі мүйізі қарағайдай елдердің санатына енуді көздеген халықтың басты мақсаты да сауатты ұрпақ тәрбиелеу.



Абзал БАЛАБЕКОВ,
Көкшетау қаласы
мамандандырылған
тергеу сотының судьясы

Сауатты ұрпақ тәрбиелеу дегеніміз, өз ана тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ.

Ал ана тілін жақсы білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығы мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам бола алмайсың. Тілін білмеген ұрпақтан ұлы тұлға шықпайды.

Тіл тағдыры – ел тағдыры екенін еш уақытта ұмытпайық. Өрбір адам өз ана тілін білуге және мемлекеттік тілді меңгеруге міндетті.

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Batys mūnai» ЖШС (БСН 210240007979) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 49-үй, 393-пәтер, тел. +7 701 419 8283.

3. «Asia-2021 (Азия-2021)» ЖШС (БСН 210940032221) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 127-үй.

4. «Vostok (Восток)» ЖШС (БСН 210640039981) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 127-үй.

5. «Zapad (Запад)» ЖШС (БСН 210740022623) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 127-үй.

6. «Элсат» ЖШС (БСН 201240018112) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 127-үй.

7. «ALEM GROUP» ЖШС (БСН 081240005391) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Қаныш Сәтбаев ықшамауданы, 2-үй, 7-кеңсе, тел. +7 775 173 3975.

8. Назар аударыңыз! 17.03.2026 ж. № 20 «Заң газетінде» жарияланған «Эмпайр АвтоТрейд» ЖШС (БСН 171040031674) тарату туралы хабарландыру, № 5, жарамсыз деп саналсын.

9. «Ерлан 777» ЖШС (БСН 250940010604) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, Наурыз көшесі, 7-үй.

11. «Cave Group» ЖШС (БСН 251140034546) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Саин көшесі, 14/1 үй, 65-пәтер.

12. «Жарық Қызғалдақ» ЖШС (БСН 221040018723) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Григорий Потанин көшесі, 14-құрылыс, 301.

13. «QARATAY GROUP» ЖШС (БСН 251140019770) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 8/2-үй, 59-пәтер, тел. 87025164652.

17. «DILYARA MARKETS» ЖШС (БСН 180440019624) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Көктөбе ауылдық округі, Қызылжар ауылы, Құрманғали көшесі, 21-үй. Тел. 8 707 249 75 84.

18. «Travellux (Трэвеллюкс)» ЖШС (БСН 200940022044) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Абай көшесі, 6-үй, 10-пәтер, тел. +7 712 232 1413.

19. «АБ Инвест Групп» ЖШС (БСН 190640020151) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген Батыр ауылдық округі, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 6А үй, 25-пәтер.

24. «Қарауыл Шыңғыс Ломбард» ЖШС (БСН 170340020296) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Мұхаметханов көшесі, 63-үй, тел.87789197012.

25. «АВАУ ONLINE» ЖШС (БСН 241040017858) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан қаласы, Жана Қала ықшамауданы, 11-көше, 31/1-үй, 33-кейсе, тел. +7 702 936 0947.

26. «АБАЙ ОНЛАЙН» ЖШС (БСН 241040001752) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан қаласы, Жана Қала ықшамауданы, 11-көше, 31/1-үй, 33-кеңсе, тел. +7 702 936 0947.

27. «АВАУ мектебі» ЖШС (БСН 230840021975) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан қаласы, Жана Қала ықшамауданы, 11-көше, 31/1-үй, 33-кеңсе, тел. +7 702 936 0947.

ӘРТҮРЛІ

10. АТАУЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІНІҢ АУЫСУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

«AXIS INSURANCE» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ (БСН 940840000211). 2026 жылғы 11 наурызда «ТрансОйл» Сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімі негізінде «AXIS Insurance» Сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы болып қайта аталды (қысқартылған атауы – «AXIS Insurance» СК) АҚ. «AXIS Insurance» Сақтандыру компаниясы АҚ нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 12-шағынаудан, № 23Б үй.

14. Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6 мекенжайында орналасқан «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС күн сайын жұмыс күндері (дүйсенбі – жұма) сағат 10:00-де сатып алынбаған кепіл мүлкінің сауда-саттығы өткізілетінін хабарлайды. Анықтамалар үшін телефоны: +7 702 321 86 86. Лиц. 01.21.0009Л.

22. «Halyk-Ликвидный» ИПК несие берушілерін хабарлар ету Осы арқылы «Қазақстан Халық Банкінің «Halyk Finance» еншілес ұйымы» АҚ (бұдан әрі – Коғам) ҚР «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» заңының 35-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес «Halyk-Ликвидный» интервалды пай инвестициялық қорының (бұдан әрі – Қор) активтерімен орынданған мәмілелерде кредиторлар мен тараптардың назарына Қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы жеткізеді.
Қор Қағидаларының 20-бөлімінің 8-тармағына және ҚР «Инвестициялық және венчурлік қорлар туралы» заңының 35-бабына сәйкес, Коғам тоқтату рәсімін жүргізуді мынадай шарттары мен тәртібі туралы хабарлайды:
1. Кредиторлардың талаптарын қою мерзімі: қордың жұмыс істеуін тоқтату туралы олар хабарлар етілген күннен бастап 1 (бір) айды құрайды.
2. Есеп айырысу тәртібі: қор активтерін сатудан алынған ақша қаражаты Қор Қағидаларының 20-бөлімінің 14-тармағында белгіленген кезектілігі тәртібімен кредиторлар мен пай ұстаушылар арасында бөлінетін болады.

Күрметпен,
«Halyk Finance» АҚ

23. «Сандық техника және технологиялар институты» акционерлік қоғамы, (БСН 150440001248) өзінің «Сандық техника және технологиялар институты» ЖШС болып қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 22В.

28. Колеса Авто ЖШС, (БСН 231140003562) жарғылық капиталдың 9 000 000 000 (тоғыз миллиард) теңгеге дейін азайғанын хабарлайды. Кредиторлардың талаптарын хабарландыру жарияланған күннен бастап бір айдың ішінде: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 157В мекенжайында қабылданады.

МҰРАГЕРЛІК

15. 20.05.2025 ж. қайтыс болған Танабаев Әсілбектің артынан мұрагерлік іс ашылуына байланысты, мұрагерлерін Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Абай көшесі, №69А құрылым, нотариус Бердалиева Балжан Онгарбаевнаға хабарласуын сұраймыз. Тел. +7 701 845 47 43.

20. Адам папилома вирусы дегеніміз не? Одан өзімізді қалай қорғаймыз

Адам папилома вирусы адам ағзасында жиі кездеседі, негізінен осы вирусты тасымалдайтын тасымалдаушымен жыныстық қатынас барысында жұқтырады, сонымен қатар тұрмыстық жағдайларда да жұқтыру мүмкіншілігі жоғары. Көбіне осы вирусты жұқтырғанда жұқтырған адам бұл вируспен зақымданғанын білмей қалады, өйткені вирус өзінің клиникалық көріністерін айқын көрсетпей де мүмкін.
Папилома вирусы немесе адам вирус папилломасы (АПВ) – ол папилома вирустық топтардан құралған, 5 тұқымдастықтықтан шыққан 27 түрі бар. 200ден астам типтес вирустық топ, вирустың кейбір штамдары онкология тудыруы мүмкін.

Адам папилома вирусы (АПВ) - өзімен өзі кетіп қалмай, жатыр мойнының жасушаларына көптеген өзгерістер әкелуі мүмкін, сонымен қатар рак алды қабынуларға да, уақытылы емделмеген жағдайда жатыр мойны обырына алып келуі мүмкін. Статистикаға сүйенсек адам папилома вирусын жұқтырған адамдарда, инкубациялық кезең бірнеше айлардан 10-15 жылдың ішінде жатыр мойны обырының өршуіне алып келуі мүмкін. Ең қауіп тудыратыны ол **6,11, әсіресе қауіптілері 16,18-ші** тұқымдастықтан туындайтын вирустар тобы.

Адам папилома вирусын (АПВ) – қалай анықтауға болады – вирус папилломасы терінің шырышты, кілегейлі қабықтарында білінбейтін кішкене өсімдіктердің пайда болуымен ерекшеленеді, жыныстық мүшеліңді шырышты қабаттарында да үшкірленген кондиломалар өсімділер байқалуы мүмкін. Өр түрлі теріде сүйелдердің, ұшықтардың, өсімдіктердің пайда болуымен ерекшеленеді. Уақытылы емделмесе осы айтылған жатыр мойны обырына, анальдық тесік, ауыс қуысы, жыныстық мүше обырына алып келуі мүмкін.

Жүгу жолдары – тұрмыста жанасқанда, жыныстық жолмен, жүкті әйелден ішіндегі балаға жұғуда.

Бүгінгі күні дәрігерлер дабыл қағуда, өйткені статистикаға сүйенсек, Қазақстанда жатыр мойны обыры таралуы бойынша барлық жастағы әйелдердің арасында сүт безі обырынан кейін екінші орында тұр және 25-44 жас аралығындағы әйелдерде көп кездесіп өлім жітіміге алып келуде. Қазақстанда жыл сайын 1900-ге жуық әйел жатыр мойны обырымен тіркеліп, жылына 600ден астам әйел осы кеселден қайтыс болуда.

Аурудың алдын алу шаралары:

- Күмәнді адамдармен жыныстық қатынасқа түспеу;
- Имунитетке мән беру, жыныстық ағзаларды таза ұстау, жарақат алмауға, қабынуға жол бермеу; адамның имунитеті жоғары болса вирусты әлсіретіп басып жоюы мүмкін, ал егерде имунитеті күрт төмендесе, онда вирустың әсері жоғарылап асқынуларға алып келуі мүмкін; тиісті адамдарға уақытылы жылына 2рет дәрігерге көрініп зертханалық зерттеге анализ тапсырып отырғандары дұрыс;

- Ең бастысы (АПВ)-ны алдын алудың басты жолы, **вирусқа қарсы екпе алу.**

Адам папилома вирусы (АПВ)-на қарсы вакцина жатыр мойны обырынан қорғайды, сонымен қатар адам вирус папилломасына қарсы вакцина әйелдің бала туу қабілетіне есер етпейді.

АПВ-ға қарсы вакцинациялау әлемнің 135 елінде жүргізіледі, сонымен қатар көршілес елдерде 2013–2014жылдардан Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстанда да жүргізілуде. Әлемдік деңгейде АПВ-ға қарсы вакцина өзінің қауіпсіздігі мен тиімділігін дәлелдеген. Сонымен қатар жасөспірім қыздар арасында вакцинациядан кейінгі жағымсыз реакциялар тудырғаны жөнінде дәйек тіркелмеген.

Бүгінгі күні еліміздің Ұлттық егулер күнтізбесіне кірген екпелердің саны күннен күнге артуда, өйткені Ұлттық күнтізбеге сәйкес жұқпа көздеріне қарсы Қазақстан азаматтары тегін екпе ала алады.

Қазақстанда адам папилома вирусы (АПВ)-на қарсы вакцинациялау 11-13 жас аралығындағы қыздарға жасалады, өйткені Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдары деректері бойынша АПВ вакцинасын ерте жаста қолдану (жыныстық қатынасқа түспеген қыздар арасында) барынша тиімді.

Вакцина білім беру ұйымдарындағы егу кабинеттері арқылы тегін негізде қолжетімді. Вакцинациялауға ата-анасының немесе қамқоршыларының ақпараттандырылған келісімдерімен жүргізіледі. Сонымен қатар, вакцинациялауға денсаулығында ақауы жоқ, сау балаларға дәрігердің қарап тексерулерінен кейін, қарсы көрсетілмдері болмаған жағдайда жүргізіледі. АПВ вакцинасы имунитеті төмен әлсізгер адамдар үшін де қауіпсіз. Вакцинация Гардасил вакцинасымен жүргізіледі, 6 ай аралықпен екі рет жүргізіледі.

Бүгінгі күні жасөспірім қыздарды АПВ-ға қарсы вакцинациялау туралы шешім қабылдай отырып, Сіз оларды болашақта жатыр мойны обыры онкологиядан қорғайсыз!

Алматы қаласы Әуезов ауданы санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшы орынбасары Жансентова М.Ш.

16. 2025 ж. 23 қарашада қайтыс болған Тулепов Марал Жахияевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 18/66 мекенжайында орналасқан нотариус Л.С. Суйеубаеваға хабарласуы қажет. Тел. 8 778 000 27 27.

21. 20.01.2005 ж. қайтыс болған Әлғамағбетова Ақдәменің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шнелі ауданы, Шнелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимараты. Тел. 8 702 233 44 99.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.

г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-60-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ҚКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА

Мәрзия уатсапмен ұзын-сонар әңгімеге кірісіп, үйдегі 3 жасар жиені Әсемді ұмытқалы қаш-шан. Көршісі Нартай ақсақалдың кішкене 5 жасар немересі Кәусармен жақсы ойнайтын болған соң, қасына әкеліп қойған. Екеуі де қаладан келген немерелер. Шымкенттегі Нартайдың кенже ұлы Медет әкесінің үйіне тұңғыш қызы Кәусарды әкеліп тастағанына оншақты күн. Кәусар әжесі мен атасының қасынан шықпай, сан сұрақтарымен мазалап отырушы еді. Көршіге үлпідеген әдемі, екі шекесіне екі бантик тағылған үш жасар Әсем Астанадан келгенде қуанғанын көрсен. Үйіндегі өзімен бірге алып келген барлық ойыншықтарын Әсемге беріп, өзіне бірден баурап алды. Ойын ойнауды да рет-ретін өзі басқарды. Кейде атакты әншілердей сахна жасап, концерт қояды. Кейде мың бұралып би билейді. Балабақша ойынын ойнайды. Кәусар – тәрбиеші, ал Әсем – бақшаға келген қыз ролінде. Тәрбиеші не айтса, екіншісі соны тыңдайды. Әліппе кітабындағы барлық әріптерді жатқа білетін Кәусар мұғалім болып та кетеді.

Екеуінің үйдегі ойын қызықтарын бөлетін тек бір мезгіл бар. Ол – сәскеден асқан кез. Балмұздақ жейтін уақыт. Олар сонда ғана далаға шығады. Өздеріндей балаларды көреді. Мәрзияның үйінен екі аялдамайды қашық, жеке үйде балмұздақ сатылады. Бал ұясындағы араларға ұқсап ауылдың балалары сол үйдің қасында топтасады. Бірінен кейін бірі кезекке тұрып, қолдарындағы тиын-тебендерін қайта-қайта санап, балмұздақ қолдарына тигенше асығып тұрады. Кейбір ата-аналар үйдегі балаларын жібермей, өздері арнайы ыдыс әкеліп, соған топтап салып әкетеді.

Әсем мен Кәусарды бір күн Нартай, келесі күні Мәрзия кезектесіп ертіп апарды. Балмұздаққа барып, тәттіні жеу де екі кішкентай қыздың күн тәртібіне қосылған. Ойын ойнаудың орындары да бір күн Нартай ақсақалдың үйінде, екінші күні Мәрзияның үйінде. Қай үйде болса балалар тамақтарын сол үйде ішуге үйренген. Кәусар мен Әсем екеуі үлкендерге салмақ салған жоқ. Күні бойы екеуі жұптарын жазбай өз-өздерімен ойнайды да, кешке ұйықтауға бір-ақ бас қояды. Балабақшасындағы түсімізді қайта қайта бір жерде сақталмаған. Оған әсіресе Кәусар маз.

Періштедей екі қыздың ойнау кезегі бүгін Мәрзияның үйінде болды. Мәрзия төрті бөлмеге екеуін ойыншықтармен қалдырды да, әрі ауыз үйге шықты. Қолында күндегідей телефон қабаттасып жүрді. Сол телефонда әңгімеден әңгіме жалғасып кете барды. «Күдай-ау, ана қыз Гүлшатты айтам, қыз болып мені аямайды ғой тіпті. Астанада отырып қызын тағы да маған бақтыруға жіберді. Үйден шыға алмай отырмын бала бағып. Декреттік демалысы бітпей шығып отыр ғой. Енесі де жұмыста. Итке тамақ істейтін жұмысты әлдеқандай қып. Екі баласын бағып ем, тағы мына қызын жіберді... Ар жақтағы әйел:

– «Бала, бала деп өбектей берсек бар ғой, олар елуге келсе де мойыннан түспейді. Мен де отырған жоқпын ба? Содан кейінгі шұбатылған сөз кезегі телефонның арғы жағындағы әйелге тиеді. Мәрзияның құлағы сол жақта болады. Ағытылған сөз бірінен кейін бірі кете береді, кете береді...

... Мәрзия ауылда туып, ауылда өскен көп баланың бірі-тін. Әдетте көп бала болған үйдің баласы бір-біріне бауырмал, балажан болады ғой. Мәрзияда мұндай қасиет әу баста болған емес. Әр жерде жеке-жеке үй болған бауырларына да емешегі үзіліп, сағынып бара қоймайды. Олар келсе де «Бауырым келді-ау» деп қуанып, барын алдына тосып сыйлап жөнелмейді. Үлгі үйдің үлкені болған соң, сол үлкендігін алдына тартып бәрінен өзіне ерекше құрмет күтіп, «олар маған не әкелер екен осы жолы» деп дәмеленіп, көңіліндегідей бір нәрсе әкелмесе, жылы қабақ та танытқан емес. Кісі киік. Сақ. Сақа басты болуға, бәрінен бұрын өз қамын көбірек ойлауға ынталы.

1984 жылы Шымкентте педколледжде түсіп, оның бірінші курсына оқып жүргенде бірге оқитын курстас Жамал деген қыз Түлкібас ауданындағы осы ауылда болатын туысының тойына шақырды. Жамалға еріп, тойға келген Мәрзия



ЖҰТЫЛМАҒАН ЖҮЗІК

немесе Ханс ашқан қылмыс

ауыл жігіттерінің бәрінің көзіне бірден түсті. Мақсұт деген жігіт әскерден енді келіп, әлі үйленбей жүрген. Қызға икемі жоқтықтан емес, оның талғамы басқалардан бөлек-тін. Сол талғамдағы қыз кездеспеген соң туыстары «мына қызға үйленсең!» деген үгітіне көнбей, көрсеткен қыздарға көңіл аудармай, бақытын алдан күтіп жүрген-ді.

Бүгінгі тойда жолдастары бәрі бірігіп «Мәрзияны алып қашайық, сен осы қызға үйлен!» – деп жабылып Мақсұтты ортаға алып көндіріп, Мәрзияны сол түнде алып қашқан. Мәрзия мүлде Мақсұтты көрген де жоқ.

– Әй, Мақсұтжан, бері кел! Көрінші келіншегіңе! Мына отқа майды екеулеп-ақ құйыңдаршы. Кел мында! – деп бір апай айқайлады. Мәрзия сонда ғана Мақсұттың түрін анық көрді. Ұзын бойлы, әдемі, көрікті жігіт өзіне күлімсіреп жақындап келе жатты. «Күйеуім осы болса нешауа. Мына кен сарайдай үй де жақсы екен...» –деп ойлады Мәрзия ішінен. Бұдан әрі тартынбай отқа майды өз қолымен құя берді.

Мәрзия оқып жатқан педколледжді бітірген жоқ. Тұңғышына аяғы ауыр болды. Осы кезде ауылдың жабылып қалған кітапханасы қайтадан ашылған. Сол кітапханада істеп, кейін кітапхананың оқуын сырттай оқып, ақша беріп дипломын алып, ауылдың кітапханасынан әйтеуір зейнетке шықты.

Мәрзия тұрмысқа шықпай тұрып әйелдердің қатар-қатар бала туғанын қаламайтын. Сондықтан ауыл кітапханасында алып бара жатқан жауапты жұмысы болмаса да, бір ұл, бір қыздан кейін бала туғысы келмеді. Ұлы мен қызының арасы да алшақ – 7 жас. Бала көтеріп, екіқабат болып қалған кезде Шымқалаға барып талай түсік жасатқанын күйеуі Мақсұтқа білдірмеді.

– Ойпырым-ай, Мәрзияш-ай! Ұл да жалғыз, қыз да жалғыз болып қалды. Басымыздың көбейгені жақсы еді, мына даңғарадай үйде немерелер жүгіріп жүрсе – деп Мақсұт көп балалы болғанды қалап, ішіндегі қобалжуын бірнеше рет білдірген. Бұған берілген жауап дайын болды.

– Ендеше, бала туып беретін жас қатын ал! Мен бұдан артық туа алмаймын! Қайтейін баланы Күдай береді. Бергенін тудым. Күдай бермей қойса қайтемі?! Барына шүкір демейсің бе? Тіпті тұмай қалсам қайтер едің?! «Текті қатын аз туады» дейді екен ғой. Мүмкін мен текті шығармын... – деді еш шімірікпестен.

Сөйткен Мәрзия өз немерелерін бағуға да мүлде ықыласты болмады. Ұлы үйлене сап, бөлек кетті. Күйеуі Мақсұт немерелерді жаны қалмай жақсы көріп, арқалап, өбектеп, үйге келгенде көбіне сол қарайтын. Мәрзия тек тамақтарын істеп беріп ішінен: «Күдай-ай, мыналарды қашан алып кетер екен» деумен болатын. Тек немере емес, жалпы кішкене балаға жүрегі аса елжіремейтін.

Отбасында Мақсұт екеуінің үйлесімділігі болмады. Мақсұт – көпшіл, қонақжай, ағайын-туыспен араласқыш, бәріне қол ұшын беруге құлшынып тұратын жігіт еді. Ал, Мәрзия болса кірпіз, қонақ келгенді жаны сүймейтін, не болса соған тарылып отыратын тойымсыз, тек жеке басын ойлайтын өзіншіл болды. Осы екі айырмашылық екеуінің бір-біріне сүйіспеншілігін болдырмады. Үй болып отау құрған соң, артынан дүниеге бала келген соң көптің бірі болып өмір сүрген. Мақсұттың ішкі өкініші ішінде жүрді. Ал, Мәрзия үшін еш өкініш болған жоқ.

Қыздардың балмұздаққа сұранатын кездері жақындап қалған-ды. Күн сәскеден енді көтерілді. Ас үйде телефонмен сөйлесіп отырған Мәрзияға ішкі жақтан Кәусар әжелеп айқайлап жүгіріп келді.

– Әже, әжетай жүрші, жүрші Әсем қақалып жатыр... жүзiктi жұттып қойды, жүзiк жедi, анда, анда ... – дедi әбiржiп.

– Жүзiгi несi, қайда?! – деп Мәрзия телефонның халатының қалтасына сала балалар ойнап отырған бөлмеге бет алды.

– Әже, әже мына бөлмеде... – Кәусар Мәрзияның таң калдын көрсетті.

Мәрзия таң калды. Бұлар бұл бөлмеге қалай кірген?! Ой! Кілт есік сыртында тұр. Кілттенбепті. Қап! Есікті күндегідей кілттеп жабуды ұмытыпты. Қызының ерекше ескертпесі де басына түсе қалды.

«Апа, Әсемнің саған ұқсаған бір мінезі бар. Жылтырақ нәрселерге өте құмар. Мошпақ, білезіктеріңді тығып қой. Сенің бөлмеңде бәрі ашық тұрады. Әсем барғанда олардың бәрін бір жерге жасырып қой. Көрс «бер» деп жылап мазанды алады. Әсем көріп қана қоймайды, жылытырақтарды аузына салып сорғыштайтын жаман әдеті тағы бар» – деген.

Осы ескертпені Әсемді әкеліп тастағанда күйеуі баласы да айтып кетіп еді. Қап! Күдай атып, мына бөлмені кілттеп кетпеймін-ау. Басындағы осы оймен табан астында сасып қалған Мәрзияның тұла бойынан ток жүріп өткендей болды.

Бөлмеге келсе кішкене Әсем керуеттің жиегінен ұстап, екі көзі шарасынан шығып жұтына алмай құқ-ық-құқ деп тұр екен. Мәрзия Әсемнің арқасынан қақты, жауырын тұсынан ұрғыштады. Еңкейтіп желкесінен төмпештеді. Дәл жұтқыншақта ілініп қалған бір нәрсе түспей демін алдырмай тұрған сияқты. Бірақ, су жұтқызу, аузына су құю есіне келмеді. Жұтқыншақта тіреліп тұрған нәрсе әрмен қарай жылжып ма еді.

– Кәне, Әсем, аш аузыңды, ашшы! Мәрзия Әсемнің аузын екі саусағымен ашқанда көп бөлігі жұтқыншақ ішінде, бергі жағында кішкене шеті ғана тұрған өзінің көгілдір аяқ (бирюза) тасы бар жүзігінің ұшы байқады. Арбаған саусағының икемі келмей, ала алмады. Осы кезде бұдан бұрын қанша қиналғаны

белгісіз, Әсем талықсып, демі бітіп, «к құқ-ық... ық-ық...к ұ» деп барып, талықсып, Мәрзияның білегінің үстінде көз алдында құлай берді.

Мәрзия тұрған орнында сілейді де қалды. Өзінің де тамағында жүзік кептеліп тұрғандай демін ала алмады. «Қап! Қап! Мені Күдай атты! Әсемнен айырдым! Құтқара алмадым!». Ойы осы болды.

Қаны басына шапшыды. Көз алды кіреуекеленіп көк тұманданды. Құлақ іші де шуылдап кетті. Ешнәрсе көріп тұрмағандай. Бір кезде басын қатты ашу қысты. Кімге ашуланды білмейді! Бұл ашуды кімнен алмақ?! Өз-өзінен біреуге өшкікті. Неге, кімге өшкіккенін тағы ұқпады. Қаны қайнап, барлық ашуын қасында қалшылдап, зәресі қалмай қорқып тұрған тағімдей Кәусардан ала бастады.

– Сен қыз Әсемге қарамайсың ба? Әсемге неге қарамадың деймін?! Сен неге бұл бөлмеге әкелдің ә?! Неге әкелдің деймін Әсемді, осы бөлмеге ә?! Әсемді өлтірдің! Маған неге бірден айтпадың, а?! Жалмауыз-ай! Жалмауыз! Мен саған сеніп... Сенің ойнатқаныңа сеніп. Қызды құрттың сен! Өлтірдің сен!

Мәрзия Кәусардың басы мен көзіне қарамастан төпелеп, екі қолымен кезек-кезек есепсіз үсті үстіне ұра берді,

ұра берді. Мәрзияның ортанғы саусағындағы күміс бедерлі жүзігі Кәусардың беті-жүзін, кішкене мұрнын, маңдайын осықлап, бүлдіршінің бет жүзінен қан сауылдап кетті.

– Ата, апа, папа, мама, – деп Кәусар шыр-шыр етіп, ата-анасын көмекке шақырды.

– Үніңді шығарма! Үніңді шығарма деймін мен саған! Қазір өлтірем сені! – деді ашу бұған Мәрзия бөлме есігін сырттан іліп.

Мәрзия қыздар ойнағанда кірмесін деп құлыптап жүрген өз бөлмесін бүгін ашық қалдырып кеткеніне қатты күйінді. Столда тасы ірілеу көгілдір түсті аяқ (бирюза) білезігі сырғасымен, жүзігі тұрған. Әсем бөлмеге кіріп, өз әдетімен тастары ірі жүзікті аузына салған болар. Сусыма табиғи аяқ тастар ілгері кеткен де, жұтқыншағында не әрі, не бері жылжымай тұрып қалған шығар. Қап! Қап! Ең болмағанда қыздарға бір қарап қойсамшы. Телефондағы әңгімеден бір босасамшы... Қап! Өтеген-ай, ә?! Қарабет болдым-ау, сенің тапсырған қыздарды қарай алмай, қарабет болдым-ау...! Осылай ойлай жүріп ас үйдегі шкафта тұратын дәрілерден бірнеше таблетканы алды. «Мынау ана дәрі, мынау мына дәрі» деп тандаған жоқ. Оның ішіне өзі ішіп жүрген қан қысымын төмендететін дәрі де бар-тын. Бәрін тез-тез ұнтақтап суға езіп, оған қант салып бір кесе суға араластырды. «Мына қызды да жан ашуыммен аямай ұрып тастадым. Бет аузында сау жер қалмады! Өке-шешесі, атасына мен не деп айтам? Бұл қыз да мына дәріні ішіп, тезірек ұланып өлуге тиіс!» деп ойлады Мәрзия. Сөйтіп, ас үйдегі шкафтан қолына тиген дәрілердің төрт-бесуеін кесе толы суға шайқап-шайқап, Кәусарға қайыра келді.

– Мен үйге қайтамын! Сен жаман әжесің, сен жамансың, сен жамансың! Папама айтам, амама айтам, әжеме айтам, мамама айтам! Мен кетем үйге, үйге кетем! – деді Кәусар, екі көзі ақылып келген Мәрзияға батылдана сөйлеп.

– Иә, айтасың! Айтқызам мен саған! Тіліңді қазір кесіп алам сен қыздың! Іш мына суды! Іш деймін саған! Мәрзия стакан толы суды Кәусардың ерніне тақайды. Кәусар басын кері бұрды.

– Ішпеймін мен! Ішпеймін! Мама, мама! – деп бар даусымен айқайлады.

Мәрзия Кәусарды екі санының ортасына қысып қойып, екі қолымен аузын керіп ашып, кесегей суды төгіп-шаша зорлап ішкізді.

– Бұл ашы су, ашы су, – деді қарлыққан дауыспен Кәусар.

Мәрзия Кәусарға қараған жоқ. Бөлменің есігін тағы кілттеп, ас бөлмесіне келді. Болар іс болды. Тез енді әрекет ету керек! Екі қыздан қалай құтылудың жолын ойлады. «Екеуі балмұздақ аламыз деген соң, өзін ертіп апармай бүгін өз-

дерін жіберіп едім, содан келмей қалды», – деймін.

Балмұздақ сататын үйге бара жатқанда жолда үнемі жеңіл машиналар өтіп жүргенін көрген. Ауылдағылардыкі де бар, бөтендері де бар. «Ниеті бұзық біреулер екі кішкене қызды машинаға салып алып кетуі мүмкін ғой... Міне, осы болжам дұрыс. Ар жағын полиция қызметкерлері зерттейді.

Мен мына қыздарды жасырып үйде бүгін қараңғы түскенге дейін ұстай тұрам. Түнде бұларды бір жерге апарып тастасам болды». Жаман ойы осыған тоқтады. Мәрзия сәлден соң бөлмені ашып Кәусарды қарады. Кәусар есіктің тұра алдында құлап жатыр. Сол жерде құсыпты. Есік алды бәрі құсық. Көзі жұмулы, бірақ демалысы бар. Мәрзияда жірікпенге шама жоқ. Ол жерді жақсылап тазартты. Тағы да басына қара ой келді.

«Бұл қыз құсқан ғой. Дәрілердің бәрі ішке кеткен жоқ. Сол себепті өлмей қалуы да мүмкін. Ойбай-ау, мен неге үйдегі шприцтің бірімен укол салмаймын ұйықтап жатқанда». Шприц табылды. Енді инъекция қайда? Ол үйде жоқ? Не істемек? «Ой! шприцке ыдыс жуып жүрген ана бір сұйықты жібермеймін бе? Қанына химиялық зат кеткен соң бәрібір тірі қалмайды».

Құсып-құсып шаршап, ішіне сумен кеткен бағанағы дәрілерден әлсіреп көзін аша алмай жатқан Кәусарға Мәрзия ойлағанын орындап, денесіне шприцпен сұйықтық жібере бастады. Жамбасына үшкір ине кіргенде Кәусар селт етіп көзін ашты да, Мәрзияны тағы көріп шошып, «па-ш» деп әкесін соңғы рет көмекке шақырды. Сәлден кейін Кәусардың да көзі мәңгілікке жұмылды. Осы кезде Мәрзияның телефоны шыр ете қалды. Қарады. Ауыл қатындары емес. Астанадан күйеу баласы Асылбек екен. «Қызыңның жәйін білгің келген шығар. Қызың жоқ енді!» деп Мәрзия телефонын өшірді. Күйеу бала қайта-қайта қоймай бірнеше рет звонок шалды. Телефон көтерілмеді. Мәрзия өз бөлмесіндегі өлі қыздарды керуеттің астына қарай ітерді. Үстіндегі жапқышын төмен қарай жауып ысырды. Бұдан кейін тізен-өзі қалай ақтап алу жолын ойлап, абайсызда өлген өз немересіне де, өз қолымен аздап өлтірген Кәусарға да жүрегі бүлк етпеді. Қатыгездік құшағына еркін сүңгіді.

...Шамалы уақыт өткен соң Мәрзия құл болмағандай балмұздақ сататын үйге қарай бет алды. Екі қызды іздегендей жан-жағына қарағыштап қояды. Ойы мүлде басқада. Шынында да қасынан бірнеше машина өтті. «Ымм... менің ойлағанымдай бұл жермен машиналар көп жүреді екен», – деді өзіне-өзі.

Балмұздақ сатып тұрған үйден үш кішкентай ер бала бермен қарай шықты. Тәтті балмұздақтан ешкімге қарар емес. Өздерімен өзі маз.

Бүгін балмұздақты Мәрзия бұрын көрмеген бір қыз бала сатып тұр. Үй иесінің қаладан келген оқушы немересі екен.

– Қарағым, осы жарты сағат көлемінде сенен балмұздақ алуға екі кішкентай қыз келмеді ме? – деп сұрады Мәрзия. – Бес жасар қыздың сары футболкасы, шортшысы бар. Үш жасар қыздың басында ақ бантик, үстінде ақ көйлек.

– Жоқ апай, ондай жастағы қыздар келмеді.

– Ойпырым-ай, олар сонда қайда жүр? «Өзіміз барайықшы» дегенге екеуін жібере қойып ем. Келетін уақыты әлдеқашан өтіп кетті. Сосын іздеп шығып ем ғой, – деді Мәрзия қобалжыған тұр байқатып.

Мәрзия көршісі Нартайдың үйіне асықты. «Неде болса «Балмұздаққа кеткен қыздар келмеді, жоғалды» деп естірту керек!» – деді бәріне іштей бекінген Мәрзия.

– Әй, Мәрзия! Оңбаған қатын! Сен не айтып тұрсың?! Жындымысың?! Қыздардың өзін жібергенің не балмұздаққа? Ол үйі біраз жер ғой, кішкене балалар үшін. Екі бұрлықтан әрі өтеді. Машина деген қаптап жүріп жатыр. Машинаның астына түсіп қалса қайтеңсің, бір-бірін жетектеп жүргенде, а?! О, Күдай! Күдай! Аман қыла көр құлыншақтарды, аман қыла гөр! Басыңда ми жоқ қатынның мына ісін қарашы, а?! – деп өмір үндемейтін Нартай ақсақал Мәрзияға айқайлап берді. Диванда отырған орнынан тұра алмай денесінен әл кетіп, екі аяғы да қалтылдап кетті. Жүрегі де қатты соқты ма, тарсылдап аузына тығылғандай болды.

Өріс ЯШҮКІРҚЫЗЫ (Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13 Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84 Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83 Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80 Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44 Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86 Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59 Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй. Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazel.kz E-mail: zanreklama@zangazel.kz «Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. Жеке таралым 6405 дана Апталық таралым 12810 дана Тапсырыс №946 Индекс 65921 Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazel.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г құәлікті 2017 жылғы 12 қантарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31